Нағыз дарын өлмейді ғой, өлмейді.
Ұлы адамды ұлықтайтын ұрпақ барда,
Қлылығы ұмыт болып кетпейді.

Иманжүсіп Құтпанұлы - тәуелсіз еліміздің аспанында ояну дәуірі атанған кезеңде өз халқына барын арнаған, сол жолда жандарын пидә еткен асыл тұлға, заманында қазақ даласына атағы кең жайылған атақты да қас батырлардың бірі.

Ол мүлде қайталанбас, қатардағы екінің бірінің қолынан келе бермейтін ерлікке барып, адамдардың жүрегінен күні бүгінге дейін кетпейтін аңызға айналды. Ол өзінің адамгершілік айбынымен, кез келген астамшылық, үстемдікке бас ұрмайтын мінезімен қалың әлеметке тізесі батқан кесір-кесапат атаулының қандайына да қасқайып қарсы шығатын қасиетімен әлі талай келер ұрпақтың өкілдерін тамсантайып болады», - деп баға берген Батыр есімінің қазақ әдебиеті мен мәдениеті, тарихында орны айтулы ерекше.

Иманжүсіп Құтпанұлы - сөз жоқ, қазақ көркемөнерінің көрнекті тұлғасы. Өнерпаз тұлғасының қыр-сырын толық тану мен таныту үшін, біздіңше, оның ақындығы, сазгерлігі, әншілігі деген мәселелер жеке дара алынып та, тұтастай да зерттеліп, зерделене беру керек. Иманжүсіп Құтпанұлының өнерін, шығармашылығын қазақ көркемөнеріндегі ән-өлең дәстүріне үлес қосушы, дамытушы тұрғысынан әлі де болса зерттей түсу бүгінгі ұлттық ғылымымыздың негізгі міндеті ғой деп ойлаймыз. Әнші ақындар, сал-серілер шығармашылығындағы ән-өлең туралы айтқанда олардан бұрынғы халық әндерінің де бізге беймәлім болғанымен, алғашында авторларының болғанын,



олардың ұмытылуына байланысты халықтық дүниеге кейін айналғанын білуге тиіспіз. Қарапайым мысал ретінде Иманжүсіптің «Қазақ поэзиясының антологиясындағы» 9 өлеңін айтуға болады[4]. Шындығында бізге жетпегені болмаса, Иманжүсіпте өлең, ән-өлең бұлардан әлдеқайда көп болған ғой.

Иманжүсіптің өмірі өзінің ұлтына, халқына арналған ол өзі үшін емес, туған елі мен жері үшін өмір сүрді. Қалың бұқара көпшіліктің қамын ойлады, жетім-жесірге болысты, әділеттің ақ туын желбірету үшін алмас қылыштай жарқылдап ғұмыр кешті. Өз тұсындағы билікпен келісе алмады, оларды озбырлығы, әділетсіздігі үшін жек көрді. Әділеттілік үшін күресті, орыс империясының сұрқия саясатына қарсы болды, отаршылық езгіге өзі де төзбеді, туған халқын да төзбеуге шақырды. Осы жолда әділетсіз жазаланып түрмеге де түсті. Бай-болыстардан көрген зорлығы мен қорлығы оның жанын мұқалта алмады, ол өмірінің соңына дейін ұлт азаттығын армандаған, сол жолда күрескен, туған елін, жерін сүйетін нағыз патриот ұл, дарынды өнерпаз, дүлділ ақын, сылқым сері боп дүниеден өтті. Оның өнері қазақ халқының жадынан ешуақытта ұмытылмақ емес, керісінше уақыт өткен сайын жаңарып-жаңғырып, жас ұрпаққа рухани азық күйінде өмір сүре бермек. Иманжүсіптің өлеңдегі, өнердегі бейнесінің актив көрінуінің астарында оның өз өмірбаяны ғана емес, қазақ халқының талайлы тағдыры, өзі өлердей сүйген ұлтының тауқыметті тарихы жатқанын ескеруіміз керек. Иманжүсіптің бар ойы, арманы, тіршілігі туған елі мен жерінің болашағына арналғандықтан, оның өнерінің құндылығы еселене түсетіні түсінікті.

Иманжүсіптің ақындық «менін» жазушы А.Кемелбаева тұлғалық «мен» деп өте дұрыс атаған. Өнер теориясына негіздесек, тұлғалық «меннің» мазмұнына бәрі де сияды, тұлғалық «менді» кезкелген өнерпаз емес, Иманжүсіп секілді нағыз тұлғалар ғана жасайтыны белгілі. «Бір түнде сегіз қыз алып қашатын» Иманжүсіп тегін адам емес, қараса көз қаритын сымбатты, келбетті, қарулы еркек, «кіргенде Қараөткелдің базарына қызық көріп, қазақ, орыс жағалап жүретін» жан. Өзі айтқандай «толғатып тоқсан қатын ұл тапса да, бірі де Иманжүсіп бола алмайды». «Адамзаттан ұл тумас мендей құмай» деген Иманжүсіп «Бір түстеніп аттанған ауылының, қыздары болушы еді маған құмар», - деп те көсіледі. Арнасынан асып-төгіліп отыру, бір қалыпқа сыймайтын қасиетін қадірлей алу, қадірлете білу, туған жерге, сүйген жарға, перзентіне адал махаббатын жырлау, міне, Иманжүсіптің тұлғалық «менінің» тұрпаты, өзін дәріптеу арқылы өзгені ойланту, өз өміріндегі қиыншылықтарды, сәтсіздіктерді, алысқан, жұлысқан тұстарын айту, жырлау арқылы ел өмірінен, қоғамдағы әр түрлі саяси-элеуметтік жағдайлардан хабардар ету Иманжүсіп өлеңдерінің мазмұны осындай. Өмірдегі Иманжүсіп кәкір-шүкір тіршілік иесі емес, жеке басын күйттеп, бай болуды, басқа болуды ойлап жүрген пенде болмағандықтан, өнердегі оның бейнесі де ірі, тұлғалық, ақындық «мені» арқылы азамат үні ұғынылады, қабырғалы қайраткер даусы танылады.

Өнердегі Иманжүсіп бейнесі ұлттық мінез биігінен көрінеді. Ол - не айтса да, не істесе де ұлты үшін істейтін, туған елі мен жері үшін жанын пида етуге бар патриот, отанын сүйетін арда ұл, азамат. Оның өмірдегі барлық іс-әрекеті «жауыздан момындарды айырам деп, жанымды бір шыбындай отқа салдым»- ға толығымен сәйкес келеді. Иманжүсіп «менінің» астарында осындай соқталы мазмұн бар. Қорыта айтқанда, Иманжүсіп Құтпанұлы – өмірі мен өнері арқылы қазақ халқымен бірге жасасатын ерекше тұлға. Иманжүсіп Құтпанұлы тағдырынан тағлым алу, әсіресе, егеменді еліміздің ертеңі – жастарымыз үшін, қазақ халқының өскелең ұрпақтары үшін аса маңызды деген ойдамыз[5].

Көрнекті мемлекет қайраткері, жазушы Шерхан Мұртаза: “Жалған дүниеден іс-түссіз кеткен жаман. Өмірде қанша зор болсаң да, артында іздерің, сұрарың қалмаса қор боласың.

Тіршілікте зор болдың,
Өлдің, Мамай, қор болдың, -

деген содан қалған. Иманжүсіптің артында қалған немере қызы Раушан Көшенова. Соның талмай ізденіп, талпынуының арқасында жарыққа Алматыдағы «Қайнар» баспанынан «Иманжүсіп», «Тұлпардың ізімен» атты кітаптары дүниеге келді.[6]

«Құркөл» ауылының тумасы, ақын, әнші, композитор И.Құтпанұлының 160 жылдығына орай ауқымды ірі іс-шаралар өткізілді. С.Дөнентаев атындағы қалалық мәдениет сарайында атақты



жерлесіміз, «Еліміздің халық ақыны Иманжүсіп» атты дүбірлі айтысы өтті. С.Дөнентаев атындағы мәдениет сарайының қызметкерлері ақынның өмірбаяны бойынша театрландырған қойылым көрсетсе, орталықтандырылған кітапхана мен тарихи-өлкетану музейі «Халық бостандығын арман еткен» атты кітап және музей қорындағы жәдігерлер көрмесі ұйымдастырылды.

Павлодар қаласы орталықтандырылған кітапханада «Иманжүсіп Құтпанұлы. Есімі тарихтан мәңгі өшпес» атты музыкалық-әдеби кеші Ақсу қаласының құрметті азаматы, облыстық «Ақсақалдар тағлымы» қоғам бірлестігінің мүшесі Светлана Қондыкерованың ұйымдастыруымен өткізілді. Іс-шараны Ақсу қаласының құрметті азаматы, Иманжүсіп Құтпанұлының жерлесі Қаршыға Шаяхметов мерейтой иегері И.Құтпанұлына арнауымен бастап, өміржолымен таныстырды. Ақсу тарихи-өлкетану музейінің (басшысы Г.Ақшулакова) сценарийі және музей қорындағы И.Құтпанұлының өмірбаяны мен шығармашылығы туралы ақпарат бойынша көрме ұйымдастырылса, С.Дөнентаев атындағы қалалық мәдениет сарайының (директоры Ж.Есембаева) әдіскерлері Ә.Омарғалиев, Е.Бортыбай, Ә.Қабылда, С.Кисатованың орындауында «Иманжүсіп пен Қажымұқанның кездесуі» атты қойылым көрсетсе, Ақсу қалалық орталықтандырылған кітапхана ұжымы (директор Ү.Шинағұлова) ұйымдастырған «Елдің халық ақыны» мәнерлеп оқу сайысының жеңімпаздары Абай атындағы жалпы орта білім беру мектебінің 9в сынып оқушысы Ж.Жанабаева, Үштерек орта мектебінің оқушылары А.Сүкір, А.Тамейдің орындауында И.Құтпанұлының шығармашылығынан «Япырым-ау», «Болған жастан, «Сейфіл-Мәлік» өлендері оқылды. М.Шамсутдинова атындағы мектебінің жетекшісі, дәстүрлі әнші С.Қисатованың орындауында «Иманжүсіп әні» мен «Майра» әндері шырқалды. Іс-шараның қадірлі қонақтары: облыстық «Ақсақалдар тағлымы» ҚБ-ің төрағасы мен мүшелері, Ақсу аймағының құрметті азаматтары, музыкалық колледж студенттері мен оқушылары, Павлодар қаласы орталықтандырылған кітапханасының директоры Г.Балакина іс-шараны мағынасы терең ашылғаны үшін ризашылығын білдіріп, жастарға алғыс хаттарын табыс етті. Осы іс-шараның қонағы Ульянов Мақұл, облыстық «Ақсақалдар тағлымы» ҚБ-ің алғашқы төрағасы, ардагер ұстаз, қоғам қайраткері: «Иманжүсіп - санқырлы, алып тұлға». Ешқашан дұшпанына бас иеген, еңсесін тік ұстаған бірегей, қазақтың жоғын жоқтап, сойылын соққан; ел үшін жанпида болған азамат. Аталарының өмірін зерттеп, шығармаларына терең бойлаңдар! Кітаппен достасыңдар «Артық білім – кітапта». Тарихи деректер, әдеби шығармалар, аға-ұрпақтың әңгіме - әңсәналары, өмір жолы - сіздерге өнеге. Иманжүсіпті еске алып, қойылым көрсетіп, шығармаларын оқып, көрерменге рухани кеш сыйладыңдар. Тарих толқынында ұрпақтар жалғастығы үзілмесін. Оны болашаққа жеткізетін - сіздерсіздер! Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!».

Ізбасар Усинов Ақсу қаласының құрметті азаматы: «Иманжүсіп Құтпанұлын ардақтап, мадақтап халыққа жеткізіп жүрген немересі Раушан болса, осы Ақсу қаласында үлкен тұлға Иманжүсіп бабамыздың өмірбаянын, жарқын жолын халыққа жеткізіп жүрген жергілікті ақынымыз Қаршыға Шаяхметов ол кісінің барлық өмірің өзінің шығармашылық поэзиясы арқылы, отырған қауымға жеткізді. Соңында айтарым: жоғарыда айтып кеткендей, әр салада, әр жерде осындай азаматтар болса: тарихымыз өшпейді. Еліңе еңбегі сіңген ардақты азаматтар атаусыз қалмайды.

Рымкеш Сламбекова «Нұр-Ана әлемі» ҚБ-ің төрайымы: «Тәрбие көзі – мектепте». Осы отырған әрқайсымыз - ұстаз алдын көрген шәкірттеріміз. Тарихты зерттеп, әдебиетке құштар болып, ұлыларды ұлықтап өстік. Қаламыздағы гимназияға - Қ.Сәтбаевтің, №1 ОМ-ке Ы.Алтынсариннің, ал №2 ОМ-ке А.Құнанбаевтің есімдері берілуі - тарихи әділдік орнағаны. Осы жетістіктің бәрі Иманжүсіп бабамыздан елін сүйген, ерлердің ерен ерлігінің жемісі. Ұлы адамдарды еске ұстап, олардың лайықты мұрагерлері болыңдар, құрметті тәуелсіз елдің жастары - деп пікір білдірді. [7].

Ақсу қаласының құрметті азаматы, айтыскер ақын, өлкетанушы Қаршыға Шаяхметов «Ұмытпайды бабасын Ақсу елі» өленінде:

Жазық жала жусан иісі аңқыған,
Аспанында қыран құсы қалқыған.
Сол далада Алтыбай көл жарқырап,
Талайларға жыр жазғызып, таң қылған.
Жағасында гүлдер өрнек салады,
Тобылғының майы еріп, тамады.



Жуасы мен жусан иісін бір жұтсан,
Ауасынан адам ләззат алады.
Алтыбайға құяды екен үш бұлақ,
Сылдыраған аққан су, көлге құлап.
«Ба, орта аяқ» деп атберіпті,
Бабалар, бұлақтарға жатқан тулап.
Топ қарағай өсіпті бауырында,
Көрек беріп жаз қонған ауылына.
Ен далада битік өскен қара орман,
Пана болған боран мен жауынында.
Бұл жерге келген адам өкінбеген,
Малға жайлы «Жерұйық» осы деген.
Жанында жатқан үнсіз қара қорым,
Дәлелі аталардың мекендеген.
Сонау қилы кезеңде Құтпан батыр,
Тұрғанбайдың баласы іске татыр.
Кене хан жасағының қатарында,
Соғысыпты жас жігіт өзі батыл.
Найзамен қарсы шапты зеңбірекке,
Жандарын «түйіп алып шүберекке».
Көп сарбаз жан қиыпты елі үшін,
Ер Құтпан көзін салса төңірекке.
Хан Кене де халқының қамын ойлап,
Ақылдың тереңіне оймен бойлап.
«Шегініндер, ерлерім, ертең үшін,
Отырмайын сендерді отқа байлап».
Қарашы хан Кененің көрегенін,
Сақтады қан соғыста шын ерлерін.
Намыстан отқа түскен өңкей батыр.
Тындады Хан Кенедей кемеңгерін.
Содан Құтпан Ақсуға бет алады.
Алтыбайдай сұлу көлге тоқталады.
Бәсентиін еліне келгеннен сон,
Атының басын тежеп, ноқталады.
Ақсу елі келгенге құшағы кен.
Батырды қарсы алады жасағымен.
Тоқталып сонан Құтпан осы жерге,
Көңіл қосты Үміштей апамызбен.
Өмірге Ақшабай мен Шонай келді,
Өнірге болды олар жан беделді.
Кенжесі Иманжүсіп асқан дарын,
Жасаған бұған күш пен ақыл берді.
Жасынан сері болып жалындады,
Салт-дәстүр ата жолын қабылдады.
«Сарыарқа» ескен жерін сағынғаннан,
Өлең мен оған қосып жыр арнады.
Қазаққа Атам аты көп тараған,
Өлеңін тыңдағанда жұрт таң қалған.
«Сары мойын» әнін кейін тіпті,
Операда «Қыз Жібектей» пайдаланған.
Кезі жоқ бұл Атамның жаудан ыққан,
Қара күштің иесі «жүрек жұтқан».



Бір-ақ рет жығылдым осы ағамнан,
Деген екен кезінде, Қажымұқан.
Ойлағаны болыпты елдің жайы,
Көмегін қолдан келген аямайды.
«Елдің шырқын бұздың» деп, белсенділер,
Жерден қуып батырды табалайды.
Елім, - деп, Иманжүсіп еніреді.
Қалың жұрт оған қарап телміреді.
Қыспақтың құрсауынан шығара алмай,
Есіл ер назаланып, егіледі.
Қуыпты Атамызды елден жырақ,
«Сарыарқаның» белінен таппай тұрақ.
«Бетпақдала» шелінің бір жерінен,
Сәкен аға тауыпты іздеп, сұрап.
Халқы мәпелеген ерке ұлды,
Бағасы Атамыздың өте құнды.
Қолынан келмеген соң ешбір қайран,
«Қызылдар» Атамызды атып тынды.
Көп қиындық қазағым бастан кешті,
Ел тарихын оқыған жастар өсті.
Егеменді ел болып, Қазақстан,
Өз жағдайын жалтақсыз өзі шешті.
Елбасы жариялап бағдарлама,
«Рухани жаңғыру», - деп, алдын ала.
Жаңғыртқан ұмыт болған бабаларды,
Осындай Ұлы іске жоқ балама.
Тірісінде көрмеген аттан түсіп,
Елі үшін қайнаған «отқа пісіп».
Ұлықтап ұлы Атасын ақсулықтар,
Сарайға атын берді Иманжүсіп.
Ұмытпайды бабасын Ақсу елі,
Туған жері «Алтыбай» сұлу көлі.
Сенің атың өшпейді мәңгілікке,
Ұрпағың бар білімді, өнегелі, –

дейді.

Иманжүсіп Құтпанұлы – өмірі мен өнері арқылы қазақ халқымен бірге жасасатын ерекше тұлға. Иманжүсіп Құтпанұлы тағдырынан тағлым алу, әсіресе, егеменді еліміздің ертеңі – жастарымыз үшін, қазақ халқының өскелең ұрпақтары үшін аса маңызды деген ойдамын. Ел болашағы - білімді ұрпақ. Бүгінгі ұрпақ ел ұлдарының тарихтағы орнын түсініп, аттарын ардақтап, төбесіне көтерсе, әспеттесе - ақтандақ тұлғалардың армандарының орындалғаны. Айтулы азаматтардың тарихи рөлін бағалау - бүгінгі күнгі жауапты іс, өзекті мәселе.

Әдебиеттер:

1. А.Есілбай журналист «Егемен Қазақстан» №90-93 (25939) 12 наурыз, 2010 жыл
2. Р.Көшенова «Иманжүсіп» Алматы, «Қайнар», 2001, 134-бет.
3. Р.Көшенова «Чтобы помнили» мақала «Акмолинская правда» газеті № 72, 26 мамыр, 2011 жыл
4. Г.Ақшулакова «Иманжүсіптің де күні болады» кітап, 2023 ж, 6 бет
5. Қазақ поэзиясының антологиясы. Алматы, «Ғылым», 1993, 154-бет.
6. «Бес ғасыр жырлайды», II том, Алматы, «Жазушы», 1984, 157-бет.
7. Р.Иманжүсіп «Иманжүсіп қазақ мәдениетінің тарихында» «Кереку» баспасы, 39 бет, 2012ж
8. С.Қондыкерова «Ардагер –ветеран» газеті, №23, 8 маусым 2023ж



ҚАЗЫНА
Тастамбек бидің тұяғы

БАЙБОСЫН С. Ә.

*Қазақстан жазушылар одағының мүшесі.
Ерементау және Баянауыл аудандарының Құрметті азаматы.
«Ақбеттау» журналының бас редакторы, Екібастұз қ.*

Тобықты елінде Абайдың замандасы Тастамбек би Өтепұлы деген адам жасап өткен. ХІХ ғасырда қазіргі Абай ауданының аумағындағы Саржал ауылдық округінің аймағында өмір сүрген адам екен. Сүйегі қалың Тобықты, ішінде Құлық деп аталады. Өз заманында ел ішінде беделі зор адам болған Тастамбек би жайлы бұрындары ара-тұра естіп жүретінбіз. Жуырда редакциямызға Аққулы ауданынан Төлеген Шахарманов атты адам Тастамбек би жайлы мына бір әңгімені жолдапты.

Тастамбек арнайы барып, Абаймен тоғызқұмалақ ойнайды екен. Әрине, жалғыз бармайды. Қызық көрем, бос әңгіме естимін деген ел адамдары бірге ере жүреді. Және Абайдың үйіне барса, аш қайтпайтындары белгілі. Бірде осылай Абай ауылына барып, тоғызқұмалақ ойнап отырғанда, Абай Тастамбектен жеңіле берсе керек. Бір уақаттар болғанда, Абай далаға түзге шығып кетеді. Ол кісі қайта оралып, қолы-басын жуып қайта кіргенше Тастамбекке қасындағылар:

– Апырмау, Тастеке, сіз ойнаған сайын Абайды тықсырып барасыз, өтірік болса да жеңіле салмайсыз ба, бізді осы жерден аш қайтарайын деп пе едіңіз?! – деп ескерту жасайды.

Жанындағылардың көңілін қимаған Тастамбек ойынға қайтадан кіріскенде, әдейі жеңіле бастапты. Бұны сезіп қойған Абай Тастамбекке:

– Әй, Құлық, сен мына көп шуылдақтың ойнымен ойнама, өзіңнің ойыныңмен ойна! – деген екен.

Осы Тастамбек биден туатын Жылқайдар. Жылқайдардың қызы Мұғалима Бестау болысының биі Рысқұлдың немересі, ел арасында сый-құрметке ие болған Досымхан молдамен тұрмыс құрады. Соғыс жылдары әйелдердің арасынан алғаш темір тұлпардың тізгінін ұстап, «Жанәтілек» ауылында «тракторшы қыз» атанып, Ұлы Жеңісті жақындатуға ат салысқан тыл ардагері. Бас қолбасшы Сталиннің қолы қойылған грамота мен медалінің құжаты осы күнге дейін балаларының қолында сақтаулы тұр.

Тастамбек биден – Рүстемхан, Рүстемханнан Серік ағамыз ағамыз туады. Тастамбеков Серік Рүстемханұлы ауданымыздың қадірлі ақсақалы, Ленинин орденінің иегері, Аққулы ауданының Құрметті азаматы, еңбек ардагері. Біздер алғаш оқу бітіріп келген жас маман кезімізде осы Серік Рүстемханұлынан үлгі алып, сол кісінің жұмыс істеген тәжірибесін үйренуге тырысатынбыз, ақыл-кеңесін алатынбыз.

Т.Шахармановтың осы хатын алғасын, біздер бұрыннан бірер мәрте дәмдес болған Серік ағамен хабарластық.

– Біздердің арғы түбіміз Шыңғыстау, Тобықты елі, – дейде Секең өз әңгімесінде. – Арғы атамыз Тастамбек қажылық сапарға кеткенде, іште қалған баласы дүниеге келіп, өзі жоқта атын Жылқайдар деп қойған екен. Атамыз елге оралғасын, құрбандыққа боз бие шалып, ас беріп, «А, Құдай, жалғызымды аман қыла гөр!» деп тілек тілепті. Оның себебі, ер бала туса, есіміне «бек» деген жалғауды қосам деп іштей ниеттеніп жүрсе керек. Бірақ сәбиге беріліп қойған есімді өзгерте алмайды. Осы себептен, Жылқайдар өзінен туған менің әкемнің атын Рүстембек деп қояды. Бірақ кейін аласапыранды заманда бері, Ертіс бойына қара жылжығанда, би-болыстың ұрпағы екенін жасыру үшін, әкем құжатына Рүстемхан деп жазғызыпты. Менің алдымда ата-анам екі егіз ұл көрген екен. Әкем әлгілердің атына «бек» деген сөзді жалғаймын деп жүргенде, сыйласып отырған көршісі қоярда-қоймай, сәбилерді Әмір, Темір деп атапты. Шешеміз марқұм: «Атамның айтқан өсиетін орындамадық, мына балалар тіл-көзден аман болса екен» – деп жүргенде, осы екі ұл жүгіріп жүрген уақытында шетінеп кетеді. Сол уақыттан бастап әулетімізде осындай ырым бар, ер бала туса, шешем атын өзі қойып, есіміне міндетті түрде «бекті» жалғаймыз. Менің шын атым – Серікбек, елі іші Серік деп кеткен. Менен туған ұлдың аты Рысбек, – деп, біраз әңгімені ақтарып тастады ақсақал.



Бұл күнде бір ауданның қадірі бөлек ақсақалы атанып отырған Секеңнің де өмір жолы бір кісі қызығарлықтай. Еңбек жолын жүргізушіліктен бастаған бұл кісі кейін, 1963 жылы совхоз-техникумды бітіріп, 23 бойы бөлімше меңгерушісі болып, ауыл шаруашылығын дамытуға бір кісідей үлес қосады. «Ұйымдастырушылық қабылетім болғасын, 1986 жылы бірден Шабар, Шәмші деп аталатын екі бірдей бөлімшеге меңгерушісі етіп, айлығымды 500 рубльге көтерді. 50 мың бас қой бар еді. Сөйтіп, артта қалған бөлімшенің жұмысын қалпына келтіріп, алға тарттым» – дейді Секең.

Бүгінгі жастардың құлағына ерсілеу естілуі мүмкін, бұл кісі сол замандарда қой қыркудан республика мен одақ чемпионы болған адам. «1964 жылы Австралиялық қырықтықшы Годфрид Боуен дегенмен қатар тұрып жарыстық. Әрине, ол кезде біздер оларға пар бола алмаймыз. Себебі, Австралияда қой шаруашылығы қатты дамыған, жылдың 12 айы бойы қой қырқылады екен. Оның үстіне, олардың қой қырқатын машинкасы да біздікінен гөрі жетілдірілген. Біздердікінің жалпақтығы 7 сантиметр сәл артықтау болса, олардікі 8 сантиметрден артық. Біздің машинкалар троспен айналса, олардікі сол кезде карданмен айналатын. Және олар 60-70 қой қырыққан соң ғана пышағын ауыстарады. Сөйтіп, австралиялықтан жарты минут қалып қоюға тура келді» – дейді күліп Серік ақсақал.

Облыс әкімдері іс-сапармен ауданға келгенде Серік ағамыздың үйіне ат басын бұрады. Премьер-министр Кәрім Масимовта шаңырағында болған.

Талай жылдар шарушалықтарға басшылық жасаған Серік Рүстемханұлы тоқсаныншы жылдардың ортасында шаруашылықтар ыдырай бастаған уақытта екі жыл совхоздың басқарып, шып-шырғасын шығармай Нұржан Әшімбетовке тапсырады. Жалғыз ұлы Рысбек Аққұлы ауданы әкімінің орынбасары екен. Қазір бір әулеттің ғана емес, бір елдің қадірі бөлек қариясы атанып отырған Серікбек Тастамбеков жайлы аз әңгіме осындай.



*Жылқайдардың қызы
Мұғалима Тастамбек бидің немересі*



Серікбек Тастамбеков

БАСКӨЛ АУЫЛЫНЫҢ ТАРИХИ ҚАЛЫПТАСУЫ

ЕСКЕНДІРОВ Б. Қ.

Өлкетанушы, Май ауданы

Ірілерді ұлықтау – тірілердің парызы

Ата тегі жағынан Төртсары, Иманға туыс «шөбере» болып келеді. Атап айтқанда: Бәсентиін-Қатыс - Әлімбет,Әлімбеттен Тоқшара,Сүйіндік /аға-іні/ Тоқшардан-Әйтей,Сүйіндіктен- Андас / Әйтей-Андас немере/, Әйтейден –Төртсары, Андастан-Иман, / Төртсары-Иман шөбере/.

Төртсарылар «Ақтабан шұбырынды, алқа көл сұлама» деп аталатын зобалаңда ата жұртынан безініп Сыр бойына жер ауғанда, Иманның сол жаққа бөлініп кеткен алты әулетімен бір аймақта болған екен.Сыр бойындағы иман әулеттері көшпей сонда қалуы себепті «жеті Момынның» Сарыарқа, Ертіс, Ақсу бойына бағытталған «ұлы көші»кезіндегі алғашқы лекпен ірі рулар Қанжығалы мен Бәсентиін, ал оның үлкен тармағы Сырымдармен бірге Күшік, Төртсары аталары да елге оралады.

Төртсарылар Ақсу бойы Баскөл маңына қоныстанады.Бұл қоныстың ежелгі атауы «Мүйіс» екен.Қазақ ат қоюға шебер ғой ! Ауыл орналасқан қырқаның солтүстік-батыс жағы «Малкелді» ойпаты да, оңтүстік-шығыс тұсы «Баскөл» ойпаты.Осы екі ойпаттың аралығындағы қырқалары дөнес,Ақсудың садақтай иілген қуысына доғалдана еніп, «мүйіс» құрайды.

Ежелгі «Мүйіс» атауы кейін біртіндеп 1929 жылы «Қызыл гүл» колхозы, 1935 жылы «Қызыл құрама» колхозы,1951 жылы Аманкелді колхозы, 1959жылы қайтадан «Қызыл құрама» кеңшары болып өзгертілді.

Қызыл түс – революция рәмізі. Аманкелді Иманов – революция сарбазы. Социалистік революция кезінде қызыл түс ерекше болған, өйткені сол заманның туы қызыл түсті болған.

1991 жылы еліміз егемендігін алып – Тәуелсіз мемлекет болдық.

1993 жылы аудан әкімінің ұсынысымен, ауыл тұрғындарының жалпы жиналысының шешімімен ауылға «Баскөл» атауын беру туралы қаулы қабылданды.

Төртсарыдан шыққан атақты билер

Орта жүздің Тобықты рулары бір-бірімен соғысып, жанжалдасып жатқанда, аға сұлтан Құнанбай қол жинап, Ресейге ақпатшадан әскер әкелуге Омбы қаласына сапарлап бара жатқанда, ат шалдырып жолшыбай Ақпаның ауылына ат басын бұрады. Ақпан биге Құнанбай әскер әкеліп қырамын-жоямын дейді. Құнанбай жол жүрейін деп жатқанда Ақпан би бір ауыз сөз айтады –«Өзінді өзін шаппақсынба». Құнанбай үн қақпай повозкасымен кете барады. Ақпан шабандозына карап – «Дөнге шығып қарашы қайда кетіп барады», Құнанбай Омбыға емес Семейге аттын басын бұрады. Ақпан би бір ауыз сөзбен, Тобықтылардың елін аман алып қалған екен. Сөйтіп жік түскен екі рудың аман қалуына себепкер болады. «Төртсары Ақпаның айтады, Ақпанан басқа несін айтады». (Ел аузынан). *(Бұл әңгімені Аққұлы ауданы Шақа ауылының әкімі Шахарманов Төлеген ағ-амыздан естігем).* Ақпан бидің жерленген жері «Мал келді» Баскөлден екі, үш шақырым жерде. Мұрағатшы Д.Аяшиновта жерленген жерінің картасы бар. Ұрпақтары зиратына бір белгі орнатса, бір игі іс болар еді.

Ал, Шахарманов Төлеген ағамызға келер болсақ, қазақ күресінен спортшебері, Ұлттық деңгейдегі төреші.

Тәукеханың жасағында болған. Әйтей батыр –Мендіқара би Қостанай облысында бір ауданың атын берген. Мендіқара батырдан –Бұзау батыр. Бұзау батырдың інісі Тана би. Тана би жөнінде Д.Аяшинов мақала шығарған. Бұзаудан –Жантілес –Құн молда. Шахарман-Нұрхау-Пішенбай-Төлеген.

Әкім болсан Төлеген ағадай бол. Әйтей батыр ұрпақтары «Шежіре» кітабының авторы. Төртсарыда Әйтей батырдың біртармағынан тарайды.

Атырау қаласында Халықаралық өлкетанушылар форумында. «Үздік өлкетанушы» төс белгісіне ие болды.



Ақпан бидің немересі Бидәулет би Балқожаұлы (шашамен 1824-1896 ж.ж.). Руы Төртсары, Қасқырбай, Жақсыбайлардың тұсында 18 жасынан Әйтей-Бәсентиін болысының биі болған. 35 жыл билік құрған. Нағашысы Бердәлі Қазанғапұлы, руы Бәсентиін-Бөрі (1802-1842 ж.ж.) белгілі би, Баянауыл округінің аға сұлтаны, аға сұлтанға кандидат, қазы қызметтерін атқарған қайраткер. Әскери шені-прапорщик.

Бидәулет биден тараған ұрпақтар, атап айтқанда, Сағитовтар әулеті (Сағитов Рустам «Сары» Бидәулет бидің басына құлпы тас орнатты, ұрпақтары жиналып ас беріпті), Сабитовтар әулеті, Баскөл ауылында тұрады. Бидің немере туыстары марқұмдар Сәкенов Өзіхан және Уәлиханов Мәжит еді. Бидәулеттің бейіті осындағы төртсары зиратында, алты қырлы етіп шикі кірпіштен (саманнан) тұрғызылған там үй болған, бүгінгі күні жанбыр шайып, жел тоздырған қалпы, жартылай бұзылып, ірге тасы сөгілген. Бидәулет бидің зираты соқралдық картаға енгізілсе, жақсы игі іс болар еді.

Бидәулет бидің ұрпақтары, бабаларының соқпағын ұстанып, бүгінгі күні билік басындағы лауазымды қызметкерлер. Тарихшы-өлкетанушы марқұм Орман Хамитұлы бір ауыз өленде арнаған.

«Батырда өткен бұл елде
Кемелде өткен
Есіл ерлер елесі кетпейді естен.
Оң сегіз –ақ жасында Бидәулет би
Ердің құның бір ауыз сөзбен шешкен».

Сүлейменов Арын (1877-1938 ж.ж.). «Баскөл» ауылының тумасы, алғашқы қазақ дәрігерлерінің бірі. Қазақ ауылдары арасында «дәрігер Арын» атымен әйгілі болған. Ол 1901 жылы Омбыдағы фельдшерлер мектебін бітіріп. Павлодар округінің Семьяр, Тереккөл, Павлодар ауданында денсаулық сақтау саласында 37 жыл еңбек еткен. 1937 жылы қазақ зиялыларын жаппай репрессиялау науқаны кезінде нақақтан «халық жауы» тізіміне ілігіп сотталған. Қанша жылға сотталғанын, қашан атылғандығы, сүйегі қай жерде екені белгісіз.

«Баскөл» ауылының қырындағы (5-6 шақырым жердегі) «Арынащы» деген жазғы мал нүктесі осы «дәрігер Арынның» ата жайлауы. Ауылдың бір көшесі Сүлейменов Арынның атында. Ата жайлауы орналасқан жерге бір ескерткіш ретінде құлпытас орнатылса жақсы іс болар еді.

Тоқтағұлов Баймырза КСРО Жоғарғы совет депутаты болған. 1937 жылдары репрессияға ұшыраған.

Сарыарқа самалы газеті 31 қаңтар соқралды орындарды таныту мақсатында Баянауыл ауданының бюджетінен 3 млн. теңге қаржы бөлініп, 28 нысанға тас белгісі орнатылды. Ал біздің ауданда 7 нысан ғана кіріп тұр. Қаншама батырлар, билер, бақсылар, молдалар ескерусіз жатыр.

Осы билердің мұрағат құжаттарын мұрағаттан іздеп, тауып берген өлкетанушы Д.Аяшинов.



Өлкетанушы Д.Аяшинов



Шахарманов Төлеген



Бидаулет бидің зираты

«Д.П. БАГАЕВ – ПЕРВЫЙ ПРОФЕССИОНАЛЬНЫЙ ФОТОГРАФ ПАВЛОДАРА»

АБЫКЕШОВА Ш.К.

специалист мемориального Дом-музея Д.П. Багаева, г. Павлодар

Есть люди, отмеченные печатью сильного таланта, в которых уже с самого детства теплится искра, а затем разгорается пламенем жизненная энергия, жажда знаний, стремление выйти на широкую дорогу труда и стать выше той среды, в которой они родились. Таких людей называют самородками.


Самородки – выходцы из самых недр народа, нередко в силу тяжелых жизненных обстоятельств не получившие должного образования, но богатством своей натуры, своим широким природным умом, своей одаренностью, энергией и действительной любовью к труду, совершившие за свою жизнь большое общественное дело. К числу самородков относится и Дмитрий Поликарпович Багаев.

Дмитрий Поликарпович Багаев один из первых профессиональных фотографов Павлодарского Прииртышья, известный краевед. Имя этого знатого деятеля, ставшего легендой, хорошо известно не только в Павлодарской области, но и далеко за ее пределами.

Дмитрий Поликарпович Багаев – человек уникальной и неповторимой судьбы, чьим подвижничеством наша область обладает зримой историей первой половины двадцатого века. Волею судеб оказавшись в ранней юности в Павлодаре, Дмитрий Багаев навсегда связал свою жизнь с этим, ставшим для него любимым городом, пустил здесь свои корни. Здесь он состоялся как личность, достиг профессиональных вершин как фотограф-художник, многое сделал как историк-летописец Павлодарского Прииртышья. Стал зачинателем, организатором и первым директором Павлодарского областного историко – краеведческого музея им. Г.Н. Потанина, посвятив себя служению на непрестом музейном поприще, возглавлял свое любимое детище до последнего вздоха.

«Фотография уже стала зрительной памятью истории. Никакой другой памятник материальной культуры ниможет в таком масштабе охватить действительность и позволить с такой скупостью потомкам рассмотреть прошлое», считал писатель Лев Кассиль./1/

Дмитрий Поликарпович знал это, он понимал, что создаваемые им фотоснимки являются свидетельствами времени, частью источников по истории общества. « Я знаю, что историю не будут



писать без фотографии. Я хорошо владею всеми процессами фотографии. Я отразил в фотографиях прошлое. Я могу воплотить идею в художественной форме. При помощи фотографии я хочу, как Джамбул, воспеть великие достижения эпохи Великого Сталина»,/2/ - отметил он в автобиографической записке, датированной не ранее 23 февраля 1940г.

Выходец из бедной семьи, получив лишь начальное образование, своим неиссякаемым трудом и упорством смог добиться профессиональных высот в области фотоискусства начала XX века.

Дмитрий Поликарпович Багаев родился 5 сентября 1884 года в деревне Туманы, Вятской губернии, в бедной крестьянской семье. Здесь же прошло его детство. Он рано лишился отца, и с девяти лет ему пришлось начать работать. Возможности фотографии, подобно искусству живописи производить красоту природы, запечатлевать какие – то моменты окружающей действительности, некое родство живописных полотен и фотоснимков Дмитрий Поликарпович осознал еще в детские годы. Как он вспоминал в своих записях: «Желание изучить фотографию у меня явилось еще на родине. Школьником, я подолгу стоял у витрины, приехавшего в наше село фотографа, а через школьного товарища проникал в его квартиру, стараясь познать тайны фотографии». /3/

В пятнадцатилетнем возрасте Дмитрий прибыл в Павлодар. За плечами юноши было пять классов начальной школы. В Павлодаре он работает сначала рассыльным в горнопромышленном обществе, затем писарем в конторе Артемия Дерова. Здесь у него появляется возможность научиться фотографировать. Тягу к воспроизведению красот окружающей природы, картин быстро меняющегося жизни, стремление к созданию художественного образа, Дмитрий Багаев почувствовал в раннем детстве. Он писал: «Занимаясь рисованием и изучая законы живописи, мечтал быть художником, но для поступления в Академию нужно было иметь образование за гимназию, что, конечно, послужило препятствием. По этой причине для воплощения своих художественных замыслов пришлось прибегнуть к фотографии»/4/.

Так, можно сказать, вынужденно «прибегнув к фотографии», благодаря своему недюжинному таланту и упорному таланту и упорному труду Дмитрий Поликарпович сумел осуществить заветную мечту стать художником, став маститым фотографом – художником, фотографом – историком. Именно в искусстве фотографии он достигнет высочайшего уровня мастерства, получит заслуженное призвание и широкую известность.

В 1903 году Дмитрий едет в Омск, где Багаев два года работает и обучается у профессионала Василия Коркина. Молодой фотограф был радушно встречен фотохудожником. Багаев увидел, как фотографическое ремесло в руках настоящего мастера становится искусством.

Вернувшись в Павлодар в 1905 году, Багаев открывает в городе первый фотосалон, куда стремился попасть каждый житель нашего города и сделать снимок на память.

С 1911 года фотограф выступает на Всероссийских фотографических выставках, что принесло широкую известность и признание его большим мастером фотографии. Одним из свидетельств мирового признания творчества павлодарского фотомастера служат, выпущенные Всемирным почтовым союзом почтовые открытки с фотоснимками Д.П.Багаева, запечатлевшими виды города Павлодара 1912 года. Поскольку такие почтовые карточки выпускались и с видами других городов России, то на лицевой стороне карточки указано наименование города, назван автор помещенного фото и дата. На оборотной стороне карточек указано, что выпущены они Всемирным почтовым союзом.

Всемирный почтовый союз – международная межправительственная организация, образованная в 1874 году на I Международном почтовом конгрессе. Одним из учредителей союза явилась Россия. С 1947 года Всемирный почтовый союз стал специализированным учреждением ООН. Официальным языком Всемирного почтового союза и в то время и сейчас является французский, поэтому наименование издания «Почтовая карточка» приведено на французском и русском языках.

На Всероссийском конкурсе художественной фотографии в 1912 году ему была присуждена наивысшая награда того времени «Гран-при». Позже он становится членом-корреспондентом Западно-Сибирского отделения Русского географического общества.

Павлодарцам выпала счастливая возможность зримо представить историю своего края благодаря уникальной фотолетописи, созданной и оставленной нам в наследство Дмитрием Поликарповичем Багаевым. Он был, есть и будет всегда нужным людям, всем тем, кто любит свой край и изучает его историю.



Конечно, в Павлодаре еще сохранились старые дома, ажурные оконные наличники, чугунные решетки старинных ворот с затейливыми узорами и многое делается для дальнейшего сохранения, но ведь многое, к сожалению, утрачено навсегда и осталось теперь только на фотографиях – фото-работах Дмитрия Поликарповича.

Любовь и преданность своему делу, Павлодарскому Прииртышью, талант фотохудожника позволили Дмитрию Поликарповичу видеть в окружающем все значительное, умом и сердцем постигать вечное, непреходящее, увековечивать его посредством фотографии и ставить на службу людям, грядущим поколениям. Он знал, что оставленное сегодня на фотоленке, завтра станет историей. Снимал Павлодар, его дома и улицы, нанимал весной подводку, просил какого – нибудь аксакала быть ему проводником и отправлялся в степь, в аулы, села. За каждым сделанным фотоснимком – колоссальный труд Мастера.

Фотографии Багаева обогатили историю Павлодара. За свою жизнь он запечатлел все важнейшие исторические события города и области.

Открыв в 1905 году фотографию в Павлодаре Дмитрий Поликарпович Багаев стал фотографом – профессионалом. Годы спустя он вспоминал: «Следя за фотолитературой, я с первых лет начал готовиться к фотовыставкам, каковые в то время часто открывались. Избрав темой своих работ труд, бедность и бесправие, я начал выступать на выставках и во всех своих выступлениях имел успех. По этой причине я и собрал дореволюционный материал». «Во все время знакомства с живописью я увлекался работами художников – передвижников, поэтому темой моих работ были отрицательные стороны капиталистического строя, т.е. тяжелый труд и бедность»./4/

В последствии фотоработы Д.П.Багаева, объединенные названной темой станут экспонатами, созданного им Павлодарского областного историко-краеведческого музея. По снимкам Багаева, которые широко показывают кочевой быт казахов, можно изучать прошлое казахского народа. Лучшие его работы по этой теме могли бы служить убедительными иллюстрациями к словам казахского просветителя и поэта Абая Кунанбаева, писавшего в начале XX века о безрадостной жизни бедняка – казаха, для которого «и пищи нет, и солнца нет, и ветер воет зло». Однако в общем тоне работ Багаева нет обреченности. Думается, что только по – настоящему горячо любящий свой край, сроднившийся с его людьми художник способен так воспринимать и отображать жизнь, как это делал Дмитрий Поликарпович.

В 1938 году Д.П.Багаев экспонировал свои краеведческие работы по кочевому быту, собранные им за ряд лет, в Музее антропологии и этнографии Академии наук СССР в Ленинграде. Он писал об этом: «Академик Наумов в присутствии работников отдела Передней и Средней Азии выразил мне благодарность за то, что я не упустил случая увековечил кочевой быт, «так как никто другой будто бы этого не сделал»./5/ По словам Дмитрия Поликарповича Академия наук не имела фотоснимков по кочевому быту. «Академик крепко мне жал руку и обещал организовать экспедицию в наши степи, в которой я должен был принять участие, но помешала война»./5/

Он хорошо понимал, для кого и зачем фотографирует. Знал, что пройдет не так много лет, и память о нём в истории Павлодара останется навечно.

Одним из важных и значимых событий в Павлодаре, стало открытие Мемориального Дома-музея Д.П. Багаева. В задачу, которого, входит сохранение сложившейся культурно-исторической среды. На сегодняшний день это единственный музей в Казахстане, посвящённый профессиональной и творческой жизни фотографа.

Дом-музей Д.П. Багаева был открыт 30 января 2001 года в доме, где жил и творил фотограф. Это был тот самый первый и уникальный фотосалон нашего города. Уникальным он остаётся и сегодня, поскольку выполнен по всем правилам фототехники, а именно, северная стена и крыша павильона сделана из стекла. Все портретные снимки, сделанные в павильоне, всегда отличались высоким качеством и совершенностью изображения и спустя сто лет остаются в неизменном виде.

В Доме-музее Багаева собраны уникальные свидетельства его жизни – фотопавильон, фотоаппаратура, дневники и записи, но главные экспонаты – фотографии. Художник начал создавать их разъезжая по аулам с 1905 года. Именно тогда начался его исторический фотоотчёт длиною в жизнь.

По фотографиям краеведа, фотографа Дмитрия Багаева изучают историю казахов начала XX века. Через эти документальные снимки, современники познают не столь давнюю, но уже минув-



шую эпоху. Культура и быт, характеры и лица мастерски запечатлены художником и уже больше ста лет удивляют зрителя своей исторической правдивостью. Сегодня Дмитрия Багаева с уверенностью называют классиком казахстанского фотоискусства. Всю жизнь он посвятил делу создания документальной хроники Павлодарского Прииртышья.

Сегодня фотографии Д.П. Багаева печатаются в школьных учебниках. Историки, палеонтологи, этнографы, журналисты не раз обращаются к его снимкам для написания книг и статей. По фотографиям Багаева «старого города» реставрируются здания. Его именем названа улица в Павлодаре. Он же был основателем и первым директором краеведческого музея, сейчас это Павлодарский областной историко-краеведческий музей им. Г.Н. Потанина.

Создание Дома-музея Д.П. Багаева – свидетельство того, что богатое духовое, творческое и документальное наследие Дмитрия Багаева составляет историческую память, значение которой для нынешнего и грядущего поколения трудно переоценить, особенно в деле воспитания у детей и юношества чувства патриотизма, любви к своему родному краю. Ведь как писал Максим Горький, обращаясь к молодым людям, «знание прошлого указывает, что и как надо делать в настоящем, знание позволяет предвидеть будущее».

Вместе с тем, появление на карте культурной жизни Павлодарской области этого музея – дань памяти подвижнику, замечательному человеку, запечатлевшему на фотопластинках ушедшую эпоху правдивой, такой, какой она была, оставившему потомкам бесценное наследство – зримую историю.

Дом-музей Багаева удалось сохранить благодаря энтузиазму павлодарских фотографов. Поэтому рядом с экспонатами мэтра здесь располагаются фотовыставки местных фотохудожников.

Сегодня фотографии Д.П. Багаева печатаются в школьных учебниках. Историки, палеонтологи, этнографы, журналисты не раз обращаются к его снимкам для написания книг и статей. По фотографиям Багаева «старого города» реставрируются здания. Его именем названа улица в Павлодаре. Он же был основателем и первым директором краеведческого музея, сейчас это Павлодарский областной историко-краеведческий музей им. Г.Н. Потанина. Дом-музей Д.П. Багаева стал не только мемориальным музеем одной легендарной личности, но и своеобразным центром, где поддерживаются творческие связи фотографов Павлодарского региона, Казахстана и зарубежья, где организуются фотовыставки, встречи, экскурсии, лекции, мастер-классы.

Нашли, Багаев, снимки все твои
И сохранили, хорошо ли, плохо.
В них вся давно ушедшая эпоха,
И знаем мы, как жил ты и творил.
И домик твой красивый сберегли,
Там твой музей, и там твой дух кружится.
Ты смог и с нашим временем ужиться...
Поклон тебе, Багаев до земли!

В. Семерьянов

1. Кассиль Л.А. Зрительная память истории/Советское фото.1940. №1.С.8.
2. ПОИКМ. Документальный фонд.Личный фонд Д.П.Багаева.Оп.1 Д2.Л17об.
3. ПОИКМ. Документальный фонд.Личный фонд Д.П.Багаева.Оп.1 Д2.Л36об.
4. ПОИКМ. Документальный фонд.Личный фонд Д.П.Багаева.Оп.1 Д.94Л.2об.
5. ПОИКМ. Документальный фонд.Личный фонд Д.П.Багаева.Оп.1 Д2.Л54об.

Источники и литература:

1. В памяти поколений/Соколкин Э.Д. – Павлодар: «Типография Сытина», 2014. – 264 с.
2. Дмитрий Багаев: Летописец Павлодарского Прииртышья / Авт.-сост.: В.Д. Болтина, Т.Е. Покидаева, Л.В. Шевелёва. – Павлодар: Типография Сытина, 2017. – 740 с.
3. Русская художественная фотография / С. Морозов. – Москва: «Искусство», 1961. – 151 с.
4. Книга – альбом /Уақытты кестелген суреттер.Запечатленное время/Авт.-сост.: В.Д. Болтина, Т.Е. Покидаева, Л.В. Шевелёва. – Павлодар:ЭКО, 2018. – 504 с.

«ПОПУЛЯРИЗАЦИЯ РОЛИ И ЗНАЧИМОСТИ К. И. САТПАЕВА, КАК ГЕОЛОГА, ЧЕРЕЗ МУЗЕЙНУЮ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ»

ШОМИНА Н. В.

Руководитель отдела палеонтологии музея «Ertis», г. Павлодар

В этом году отмечается юбилей человека, который достиг огромных высот в науке и промышленности Казахстана – 125 лет со дня рождения Каныша Имантаевича Сатпаева.

Каныш Имантаевич является выдающимся учёным и геологом, а также крупным общественным и государственным деятелем. Человек высокой эрудиции, обладавший энциклопедическими знаниями во многих областях науки. К. И. Сатпаев задал стране интеллектуальный, научный тренд развития, в результате которого казахстанское общество из просвещённого превратилось в интеллектуально-научное и профессиональное. Именно благодаря заслугам великого учёного был заложен фундамент сегодняшнего инновационного и научного потенциала, которым обладает наш народ, наша молодежь и наша страна.

Имя учёного всегда ассоциируется со словом первый. Так, К.И. Сатпаев был назначен первым в Баянауле председателем Казкультпросвета в 1920 году. В 1924 году составил первый школьный учебник по алгебре на казахском языке. Он является первым профессиональным инженером-геологом среди казахов, первым казахским доктором наук, первым академиком АН СССР в области науки и техники среди учёных стран Востока, первым лауреатом Государственной премии СССР и Ленинской премии в Казахстане.[1]

Биография учёного богата примерами достойными для подражания. Такие черты характера, как гражданская нравственность и научная честность, непреклонность и настойчивость в достижении намеченных целей, оригинальность в научных исследованиях, доброе отношение к окружающим – могут служить прекрасным примером для молодежи, вступающей в большую жизнь.[2]

По инициативе Главы государства к 100-летию К.И. Сатпаева были проведены мероприятия по увековечиванию памяти учёного, государственного и общественного деятеля. Решением ЮНЕСКО 1999 год был объявлен годом Каныша Имантаевича Сатпаева. Учреждена премия НАН РК его имени за выдающиеся достижения в области естественных наук. Ежегодно 12 апреля, в день его рождения, во многих городах Казахстана (Астана, Алматы, Жезказган, Караганда, Павлодар, Сатпаев и др.) проводятся различные научные форумы, научно-практические конференции, Сатпаевские чтения.[3]

Основной задачей музеев является просветительская и популяризаторская деятельность, а также сохранение культурного наследия. Культурное наследие заключается в сохранении материальных и духовных ценностей, созданных в прошлом и значимых сейчас. Музей - это память. Память не только по средствам экспонирования различных экспонатов и материалов, но и память о личностях, которые внесли огромный вклад в развитие науки, искусства, культуры, политики.

В работу музея входит не только проведение экскурсий, но и научно-исследовательская и массово-просветительская деятельность, через организацию различного рода мероприятий. Поэтому ежегодно сотрудниками музея включаются в план круглые столы, форумы, конференции, краеведческие уроки, выездные экскурсии, кинолектории и лекции, направленные на популяризацию знаний жителей города и области о родном крае, истории и людях.

История в лицах максимально показывает развитие страны по всем направлениям, помогает на конкретных примерах сформировать свои взгляды и убеждения, а возможно и даёт мотивацию молодому поколению.

С особой гордостью и уважением относятся к имени К. И. Сатпаева в Павлодарской области. Уроженец Баянаульского района, академик с мировым именем, великий учёный-геолог – так начинают рассказ об этом человеке в стенах музея.

21 декабря 2019 года распахнул свои двери мультимедийный музей «Ertis», являющийся подразделением Павлодарского областного историко-краеведческого музея им. Г. Н. Потанина. Первым залом музея является зал «Великие люди – великой степи». В этом зале представлена обширная информация о знаменитых личностях Павлодарской области, включающая в себя как витрины с



экспонируемым материалом, так и мультимедийное оборудование, позволяющее подробно ознакомиться с именами и биографиями. Здесь же, на планшетах и в видеофильме можно увидеть и К. И. Сатпаева.

На втором этаже здания расположен зал геологии, где как не здесь, имеется прекрасная возможность подробно рассказать о жизни, деятельности и научном вкладе К. И. Сатпаева.

Переходя от общей геологии Земли к Казахстану и Павлодарской области, посетители могут познакомиться уникальной коллекцией, которая наиболее полно раскрывает богатство нашей страны – личная коллекция минералов, горных пород и полезных ископаемых Каныша Имантаевича Сатпаева, состоящая более чем из 150 экспонатов. Также в зале гости могут увидеть и личные вещи геолога: чернильницу, пресс-папье.

Когда посетители видят личные вещи или труды долгой работы той или иной личности, восприятие информации происходит по-другому. Они больше вникают в рассказ экскурсовода и заинтересованность становится выше. Значимость имени увеличивается и откладывается в памяти гораздо лучше. Упор идет не только на слух, но и на зрение. Поэтому у людей, которые посетили музей, в памяти отложится имя видного учёного и геолога – Каныша Имантаевича Сатпаева.

Наличие в городе Павлодар улицы, названной в честь Сатпаева, а также памятник, установленный ему еще в 2010 году, при активном участии краеведческого музея, позволяет сотрудникам музея проводить как лекции, так и пешие экскурсии. В этих формах деятельности присутствует наглядность и смена обстановки, которые также плодотворно влияют на восприятие информации.

Одной из главных достопримечательностей небольшого города Баянаул, является мемориальный музей академика К.И.Сатпаева. Жители города гордятся своим великим земляком и чтят его память. Музей является популярным местом среди горожан, а экскурсии туда обязательно рекомендуют всем гостям города. Также стоит отметить, что туристы, приезжая в Баянаульский национальный парк, чтобы насладиться природной красотой и уникальностью гор, могут узнать и о истории становления геологической науки Казахстана через посещение музея.

Популяризация и распространение знаний об исторических личностях Павлодарского Приртышья через музейную деятельность даёт подрастающему поколению возможность узнать и пережить прошлое. Увидеть, как формировался и развивался тот Казахстан, который мы знаем сегодня. Какими трудами было создано процветающее государство и как много сделано для того, чтобы сейчас мы жили в мире, согласии и достатке.

Список использованной литературы:

1. <https://satbayev.university/ru/news/vydayushchayasya-rol-velikogo-uchenogo-v-razviti-kazakhstana>
2. Академик К.И. Сатпаев: Из писем и заметок. – Алматы: Атамұра, 1998. – С. 143
3. <https://iie.kz/?p=25712&lang=ru>

«ЕКІБАСТҰЗ ӨҢІРІНІҢ АТАҚТЫ КӨЛӨНЕР ШЕБЕРІ САКЕН ҚҰСПЕКОВАНЫҢ МОЛ МҰРАСЫ»

ҚАТБЕНОВА Г.К.

Екібастұз тарихи-өлкетану музейінің маманы, Екібастұз қ.

Қазақ ұлттық мәдениетінің ең байырғы, аса құнды салаларының бірі – қолөнері, оның ішінде ою өрнек болып табылады. Ою өрнектер әсемдікпен, сәнділіктің белгісі ғана емес, сонымен бірге халықтың арман-ойының, тілек мүддесінің нышаны, осы тұрғыдан алып қарағанда ою өрнектің мазмұндылық ерекшеліктері сан алуан. Бүгінгі ұрпақ өзінің ұлттық сезімдерін, өнерін жоғалтпауы қажет (Асанова, 2008, б.56). Өнер адамға жақсы әсер ететін және оны тәрбиелейтін нәзік дүние. Оның құндылығы орасан зор. Сонау жазу-сызу шыға қоймаған ерте заманда адам өз ойын тасқа, сүйекке, ағашқа ойып, қашап түсіріп отырған. Қазіргі қолөнер саласындағы «сүйек ою өнері», «ағаш ою өнері» деген сөздер сол ерте заманда қалыптасқан ұғымдар. Қолөнердің сала-саласында кең қолданылып келген, өнердің өте көне әрі күрделі түрі-ою-өрнек өнері. Қазақтың қол тума



В заключении отметим, что значимость академика А.Х. Маргулана для казахстанского общества еще не оценена в полной мере. Его научные исследования вдохновляют молодое поколение и способствуют развитию исторической науки в Казахстане и далеко за его пределами. Алкей-Хаканович Маргулан – яркий пример того, как один человек может оказать огромное влияние на развитие общества через свои научные достижения. Его талант, усердие и стремление к новым открытиям и исследованиям делают его одним из самых выдающихся ученых своего времени.

Научная школа академика насчитывает десятки талантливых ученых археологов, историков и этнографов, которые продолжали научные изыскания ученого и создавали собственные научные школы и развивали новые научные направления в исторической науке Казахстана.

Одной из центральных концепций, заложенных в основу научно-педагогической деятельности А.Х. Маргулана, является междисциплинарность в исследованиях. Ученый верил, что решение сложных проблем требует научного сотрудничества между разными научными дисциплинами. Например, в своих трудах академик часто соединял принципы математики и археологии, чтобы разработать новые методы и модели в археологической науке. Еще одной ключевой чертой научного творчества ученого является практическая значимость результатов научных исследований. А.Х. Маргулан стремился распространять результаты своих исследований среди широкой общественности посредством публикаций и интервью в республиканской печати.

Список использованной литературы:

1. Шакиева А.С. Вклад казахского ученого Алькея Маргулана в историческую науку Казахстана // Историческая этнология. - 2022. - № 1. - С. 174-183.
2. Манапова А. Академик ӘлкейХаканұлыМарғұланмұрасы // Археология Казахстана. - 2018. - № 1-2. - С. 48-58 б.
3. Маргулан Д.А. Жизнь и научная деятельность А.Х. Маргулана. Образ ученого и человека // Археология Казахстана. - 2018. - № 1-2. - С. 37-47.
4. Манапова А. Ә.Х. Марғұлан еңбектеріндегі керуен жолдары // Археология Казахстана. - 2021. - №4. - С. 50-63б.
5. Маргулан Д.А. К.И. Сатпаев и А.Х. Маргулан - история сотрудничества // Археология Казахстана. - 2019. - №3. - С. 7-23.
6. Калиева А.А. Алькей Маргулан – богатство нации // Академик Ә.Х. Марғұлан еңбектеріндегі қазақ халқының мәдени-тарихи мұрасын зерттеудің өзекті мәселері: халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары = Актуальные вопросы изучения историко-культурного наследия казахского народа в исследованиях академика А.Х. Маргулана: материалы международной научно-практической конференции. – Павлодар: ППУ, 2022. – 540 б. - С. 20-25.
7. Құрмантай Д.С. ӘлкейХаканұлыМарғұланның өмірі мен қызметі // Академик Ә.Х. Марғұлан еңбектеріндегі қазақ халқының мәдени-тарихи мұрасын зерттеудің өзекті мәселері: халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары = Актуальные вопросы изучения историко-культурного наследия казахского народа в исследованиях академика А.Х. Маргулана: материалы международной научно-практической конференции. – Павлодар: ППУ, 2022. – 540 б. - С. 11-14.
8. Жумабаев А.Ж., Тұрарұлы А. Ортағасырлық Сарайшықтағы 2021 жылғы археологиялық жұмыстар // Вестник Атырауского университета имени Х. Досмухамедова. – 3(62). – 2021. – URL: <https://www.vestnik-asu.kz/jour/article/download/514/229>
9. Хамитова М.А. Академик Ә.Х. Марғұланның ғылыми мұрасының Қазақстан музей ісіндегі маңызы. – Алматы, 2010. - 223 с.

ҚАЗАҚСТАНДА ҮЗДІК АТАНҒАН ШАХТАЛЫ ШАҒАРДЫҢ ҰЛЫ ТҰЛҒАСЫ СЕРІК ИМАНТАЙҰЛЫ ЖАҚСЫБАЕВ

АЛГОЖИНА С. А.

Екібастұз тарихи-өлкетану музейінің қор сақтаушысы, Екібастұз қ.

Екібастұз тарихи-өлкетану музейінің қор бөлімі мәдени-тарихи және ғылыми құндылықтарды сақтап, зерттеп-зерделеп, өңірдің дамуына үлес қоса білген тарихи тұлғалар жайлы мәліметтерді жинақтаумен айналысатын қызмет. Аудан тарихын жасауға, дамытуға, өзгерістер енгізуінде, өңір экономикасын жетілдіруге қызмет еткен асыл тұлғалары баршылық. Міне соның қатарына өз ісінің майталман маманы, ел сыйлаған Алаштың ардақты ұлы, білім жолында қажырлы қайрат танытып, еңбек еткен Серік Имантайұлы Жақсыбаев жайлы материалдық құжат жинақталған. Материалдық құжат бұл өңір тарихын тануға арналған ұсыныс нұсқаулық деп айтсақ қателік болмас. Мұнда С.И.Жақсыбаев өмір жолын ғылымға ғана емес, сонымен қатар өлкетану материалдарын жинақтап зерттеумен айналысқан. Зерттеушілік жұмыстарын ақ қағаз беттеріне басып шығару арқылы насихаттаған. Жыл сайынғы кезекті демалысында Мәскеу, Киев, Санкт-Петербург сынды т.б. қалаларының кітапханаларын аралап, өңірге қатысты ақпаратты жинақтаумен өткен. Музей қорындағы материалдық құжатта өлкетанушының өмірбаяны, жеке құжаттары, зертеушілік көзқарастары, ғылыми еңбектері, еңбегіне баға берілген марапаттары жинақталған.

Қалалық үлгідегі жұмысшы поселкесін облыстық бағыныстағы Екібастұз қаласы етіп қайта атау туралы Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Жарлығы шыққан күннен бастап, 1957 жылы 12 маусымда Екібастұз қала мәртебесіне ие болды. Көмір шаһарының гүлдену шағында өңірге 1958 жылы өлкетанушы, экономика ғылымдарының кандидаты, тау-кен инженері, профессор Қазақстан журналистер одағының мүшесі, Қазақстан Республикасының Минералды ресурстар академиясының корреспондент мүшесі, Екібастұз қаласының құрметті азаматы Серік Имантайұлы Жақсыбаев аяқ басты. Өңірге есімі белгілі қаламгер 1934 жылы 21 сәуір айында Новосібір облысы Довольное ауылында қарапайым жұмыскерлер отбасында дүниеге келген. Әкесі Жақсыбаев Имантай Шонтыбайұлы, ҰОС майданда қаза тапты. Әкесінің есімі Павлодар қаласының Первомай алаңында орналасқан еске алу аллеясында мәрмәр тақтаға жазылған. Анасы Жақсыбаева Үміт Дуржанқызы (1907 ж.-1981 ж) асыл тұқымды қожа әулетінен шыққан. Серік Имантайұлы сауатын Павлодардағы Абай Құнанбаев атындағы №10 қазақ орта мектебінен ашқан. 1952 жылы Қазақ тау-кен металлургия институтына оқуға түсті. 1957 жылы Алматы қаласындағы Қазақ тау металлургия институтын (қазіргі Қаныш Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ) қазбалы пайдаларды пайдалану мамандығы бойынша толық курсты тәмамдай отыра тау-кен инженері біліктілігі берілді. Міне мамандығына сәйкес 1957-1958 жж. №31 Қарағанды көмір бассейнінің шахтасында тау-кен шебері қызметінен еңбек жолы басталды.

Отбасылық жағдаймен шаһарға көшіп келген Серік Имантайұлы 1959 жылдан бастап «Ертіскөмір» («Иртышуголь») тресінде, 1970-1994 жылдары «Богатырь» разрезінде басшылық лауазымдарда еңбек етті. Өңірге еңбегі сіңген өлкетанушының қызмет жолына толығырақ тоқтала өтсек. Ауданға келген шағынан бастап бар өмірі Екібастұз таскөмір бассейнімен тығыз байланыста болды. Бастапқыда «Северный» кенішінде тау-кен шебері, кейін «Иртышуголь» тресінің еңбек және еңбекақы төлеу бөлімінің басшылығының орынбасары лауазымында, еңбекті ғылыми ұйымдастыру зертханасының басшылығын және «Иртышуголь» тресінің нормативтік-зерттеу зертханасының басшылығын атқарған. 1970 жылы «Екібастұзкөмір» өндірістік бірлестігінің жүйесіне мамандығы бойынша жұмысқа ауысты. 1970-1994 ж. тамыз айында көмір кенін өндіру кәсіпорын «Богатырь» кенішінде келісідей лауазымға тағайындалды: еңбек және еңбекақы төлеу бөлімінің бастығы, бас экономист, директордың экономикалық мәселелер жөніндегі орынбасары.

Серік Имантайұлының «Екібастұз көмір» өндірістік бірлестікте қызмет барысындағы естелігін былай деп жазады: «Конечно, у меня много воспоминаний, касающихся моей работы в ПО «Экибастууголь». Напомню только об одной важном вопросе из области организации труда. в октябре 1977 года на разрезе «Богатырь» был введен в эксплуатацию роторный экскаватор ЭРШРД-5000 с первым заводским номером, теоретической производительностью 5000 т/ч. Он стал считаться самым мощным угледобывающим агрегатом в мире» (Кузнецова, 2014, Б. 164).



Жастық шағында алған білімімен шектелмей Харьков инженерлік-экономикалық институтында өнеркәсіптік өндірісті ұйымдастырушысы дипломның игері болды. Экономика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу мақсатында Қазақ КСР Ғылым Академиясының институтында диссертация қорғады. 1948 жылдан бастап Ленин комсомолы қатарында болды. 1962 жылы Кеңес Одағы Коммунистік партиясының мүшесі, Қазақстан КП Екібастұз қалалық комитетінің мүшесі аттанды. Қызметімен қатар 4 жыл шамасындай «Угольный Экибастуз» көп тиражды газетінің редактор қызметін атқарып келді. 1967-1985 жылдар аралығында Қазақ КСР Жоғарғы сотының халық отырысы болып сайланды. КСРО Ғылым академиясының жаратылыстану және техника тарихы институты жанындағы тау кен ғылымы және техника тарихы секциясы бойынша жаратылыстану және техника тарихшыларының кеңестік ұлттық бірлестігінің мүшесі болды.

Зейнеткерлікке шыққан кезінде-ақ тыным таппай Қ.И.Сатбаев атындағы Екібастұз инженерлік-техникалық институтының ғылыми жұмыстар жөніндегі проекторы (1994-1996 жж.) және «Экономика және менеджмент» кафедрасының меңгерушісі (1996-1998 жж.), Павлодар университетінің профессоры (2001 ж.) болып жұмыс істеген. Мұның бәрі дерек көзі ретінде музейге тарту еткен құжаттар куә. Қорда Серік Имантайұлының жеке материалдық құжатта Алматы қаласы 1957 жылы №3670 тіркелген қазбалы пайдаларды пайдалану мамандығының дипломы, 1975 жылы Харьков инженерлік-экономикалық институтының өнеркәсіптік өндірісті ұйымдастырушыларды даярлау факультетін бітіргені туралы А №003060 дипломы, 1980 жылы 5 қарашада Мәскеуде ЭК №009357 номерлі ҚазКСР ҒА Экономика институты жанындағы Кеңестің шешімімен экономика ғылымдарының кандидаты атты ғылыми дәрежелі диплом, 1997 ж. Қазақстан Республикасы минералдық ресурстар академиясының корреспондент-мүшесі № 000082 диплом, Қазақстан Республикасы білім және ғылыми министрлігі Академик Қ.Сәтбаев атындағы Екібастұз инженерлік-техникалық институтының Ғылыми Кеңесінің 2000 жылғы 3 қаңтардағы шешімімен ПА №004 профессор академиялық аттестациясы.

Алпыстан астам ғылыми еңбектің, оның ішінде монографиялардың авторы. Облыстық «Қызыл Ту» («Сарыарқа самалы») газетінің белсенді авторы еді.

Өмір жолына үңіле қарағанда тарихта өз ізін қалдыра білген Серік Имантайұлын алдымен Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, көмір өнеркәсібінің құрметті қызметкері, 1984 жылдан Қазақ КСР мәдениет ескерткіштерін қорғау қоғамының мүшесі, Екібастұз қаласының Құрметті азаматы, Қазақстан Республикасы минералдық ресурстар академиясының корреспондент-мүшесі тұрғысында танимыз.

Ерең еңбегі бағаланып «Ерен еңбегі үшін» («За доблестный труд»), «Еңбек ардагері» (Ветеран труда) және «Кеншілер даңқы» 3 дәрежелі медалімен, кеңестік бейбітшілік қоры басқармасының құрмет медалімен, еңбекшілер депутаттарының Тың өлкелік кеңесінің және Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының грамоталарымен, «Облыс алдында сіңірген еңбегі үшін» (2001 ж.) белгісімен, «Павлодар облысының 75 жылдығы» медалімен марапатталған (Сулейменов, 2013, Б. 211).

1995 жылы Қазақстан Компартиясы Екібастұз қалалық комитеті бюросы мен қалалық еңбекшілер депутаттары кеңесі атқару комитетінің қаулысымен көмір өндірісі экономикасының проблемалары мен Ертістің Павлодар өңірінің тарихын зерттеуде Екібастұз қаласының құрметті азаматы атағы берілді (Набитовский, 2007, Б. 176). Өлкенің шаруашылығын, сол жердегі кәсіптік ерекшеліктерімен қатар, пайдалы қазбалары мен табиғи минералдардың өзгеруі мен сипаттама-сы мәселелерін көтерген.

Екібастұз қаласының тағдырына бейжай қарамай қаланың өткен, қазіргі уақытты қамтыған тарихын өскелең ұрпаққа насихаттау қажеттілігін түсінген қоғам қайраткері өлкетану музейдің қажет екенін 1962 жылы наурыз айында «Воссоздадим историю Экибастуза» атты мақаласы жария еткен. Мақаласында: «А перспективы Экибастуза еще грандиознее. К концу 1965 года угольные разрезы будут добывать 20-22 миллион тонн в год, а к 1970 году добыча топлива составит 40 миллионов тонн. Около города пройдет канал Иртыш-Караганда и изменит климат города. На улицах зазеленеют сады. Мне кажется, что давно назрела необходимость создать в городе Краеведческий музей, где в фотографиях, картинах, экспонатах, макетах отразилось бы прошлое, настоящее и будущее Экибастуза. Нашему городу нужен свой музей».

Екібастұз қаласының құрметті азаматы өз ғұмырын жұмысқа арнаған. Алайда онымен шектелмей бос уақытын өңірдің тарихын, халқын, шаруашылығын, мәдениетін зерттеп өлкетану



мәдениет саласымен шұғылданған. Бұл ғылыми ізденісі 1960 жылдан бастау алды. Бірегей мұрағатты жинақтауда әртүрлі ақпарат көздерін, сонның ішінде Кеңес Одағы мен шетелдік кітапханалардың мұрағаттық материалдарын пайдаланды.

Өлкетану зерттеу қызметіне тоқталатын болсақ. Алдымен Сарыарқаның төсінде сән түзеген Екібастұз қаласының атауына қатысты өз нұсқасынан бастау алғанымыз жөн болар. Өз нұсқасында зерттеуші, өлкетанушы Серік Жақсыбаев былай дейді: «Екібастұз көлі атауының шығу тарихын зерттеу мені мына қорытындыға әкелді. Егер сызбадағы Екібастұз көлінің нақты конфигурациясына қарайтын болсаңыз, оның оңтүстік-батыс пен солтүстік-батыс жағында самай сүйегінің екі емізігі тәрізді жанама өсіндіге ұқсас екі шығанағы бар. Соларға қарап көлдің бұрын жайылма кезінде суға толатын екі көзі болғанын жорамалдауға болады. Ал басқа жағынан алсақ, бұл жорамал қазақтың «бас» сөзі орыс тіліндегі «исток» (қайнар көзі) мағынасында қолданылатынымен де растайды. Сондықтан бұл көл алғашқыда «екі басты тұзды көл» аталған болуы керек, орыс тіліне аударғанда «соленое озера с двумя истоками». Уақыт өте келе бұл атау бірігіп кеткен. Сөйтіп, көлдің қазіргіше – Екібастұз болып кеткен». Атап өтетін жайт өлкетанушының еңбектерінде этимологиялық мәселелер көптеп кездеседі.

Музей қоры тұлғаға қатысты ақпаратты жинастыру кезінде С.И.Жақсыбаевтың өз кітапханасы болғанын атап өткеніміз жөн болар. Екібастұз қаласының тыныс тіршілігі баяндалған жеке қолданыстағы кітапханада баспаға шыққан жариялымдар, кітаптар молынан. Мәселен «Звезда Прииртышье», «Неделя», «Экономическая газета», «Комсомольская правда», «Коммунизм Туы», «Қызыл Ту» газет басылымда, «Уголь» журналында жарияланған мақала қиындыларын музейге тапсырған. Одан бөлек құнды материалға толы кітаптары баршылық. 600-ден астам өлкетану және публицистикалық мақалалардың, кітаптардың авторы. Солардың бірі «Наш богатырь» (1982 ж.), «Экибастузский каменноугольный бассейн» (2001 ж.), «Екібастұз қадамдары (Шаги Экибастуза)» (2002 ж.), «Минеральное сырьё Павлодарской области» (2002 ж.), «Экибастуз прежде всего – каменный уголь» (2014 ж.), «Қазақ жайлы сөз» (2013 ж.), «Қаржас ұрпақтары» (2018 ж.) және т.б. «Екібастұз» (2003 ж.) және «Павлодарское Прииртышье» (2003 ж.) энциклопедияларын жазуға және редакциялауға қатысты. Музейге сыйға тартқан әр кітабының бірінші парағында қолтаңбасының ізі қалған. Одан бөлік музейге ғылыми еңбектерін, мақалаларын жазған 1985 жылғы Герман Демократиялық Республикасында шығарылған «Егіка» портативті жазу машинасын, Иван Тургеневтің шығармаларын (XI том, 7-басылым, Петроград 1915 ж.) тапсырған.

Өлкетанушы Екібастұз тағдырына ерекше деммен қараған асыл тұлға. Шаһарға қатысты деректерді жинақтап бір кітапқа жария еткен музейдегі құнды жәдігерлердің бірі 2003 жылы «Жюль де Кателен. Исследование частных шахт господина А.И.Дерова (Южная Сибирь) кітабі. Кітап XIX ғасырдың аяғында бұрынғы Павлодар және Балқаш уездерінің тау-кен ошақтарының геологиялық зерттеу сипаттамасы болып табылады. Кітаптың «Северная группа» бөлімінде қаламгер Екібастұз өңірінің көмір кенін игеру үрдісінің тарихын деректерді қолдана отырып дәлдікпен жазған.

Соңғы елу жылдық ізденудің жемісі «Қаржас ұрпақтары» атты еңбегі түзетіліп, толықтырылып екінші рет 2018 жылы басылып шықты. Бұл кітапта XVIII ғасырдың 20-шы жылдарынан бері Баянаула өңірі мекендеп келе жатқан Арғын бабамыздың бесінші ұрпағы Қаржастың XXI ғасырдың басына дейінгі үрім-бұтақтарының таралымы және оның белгілі ұрпақтарының өміріне байланысты танымдық құнды деректер берілген.

Ақтық деміне дейін қаламын қолына тастамай тау-кен ісіне байланысты үздіксіз шығармашылық ізденіс, жаңа ашылулар мен ғылыми жаналықтар, әзірмелер дайындаған. Есімі өңірге белгілі Серік Имантайұлы Жақсыбаев Екібастұздық асыл адамдардың даңқты, абыройлы қатарында. Шахталы шаһарда атқарған ерең қызметі, оның тарихын жазудан еш мойылмаған азаматтың бейнесі мен ісі мәңгі ел есінде.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Кузнецова А.Т., Ветеранам посвящается, Экибастуз, «PrimaLux», 2014 ж., 285 б.
2. Набитовский В.Д., Дычко Н.В., Құрманова А.А., Қаламбаева К.Е., Мухамедиярова З., Сәдуақас Ж., Сейтенов Ж., Еңсесі биік қала, Екібастұз, 2007 ж., 507 б.
3. Сулейменов А.И., Дәстүр мен төзімділік мұрасы, Екібастұз, «PrimaLux», 2013 ж., 399 б.

«ДАЛА КЕЗГЕН ДАНЫШПАН»

ҚҰДАБАЕВ А.Ж.

*«Торайғыров университет» КеАҚ профессоры,
философия ғылымдарының кандидаты,
Павлодар қ.*

Ықылым заманнан бері қай елдің елдігін, халықтың халықтығын танытатын белгілерінің бірі – маңдайына біткен талантты перзенттерін қадірлей, қастерлей білуі. Тарихи дамуда, ұлттық аядан шығып, әлемдік өркениетте өз орнын тапқан ғұламалармыз қаншама. Біздің мақсатымыз осы ата-бабаларымыз қалыптастырған мәдени құндылықтарды өркениетке сай одан әрі дамытып, олар қалдырған жәдігерлерді жас ұрпақтың санасына сіңдіру үшін, оны ұлттық мәдениет пен әлемдік мәдениеттің гуманистік үрдістерімен үнемі толықтырып, жаңартып отыруымыз керек. Өнердің қандай түрі болмасын, ол қашан да әлеуметтік ізгілікке қызмет ету арқылы өседі, марқаяды, ұлы мұрағаттарға жетелейді. Сондықтан біз келер ұрпағымызға өрелі азаматтық сана мен биік рухани мәдениет қалыптастырамыз десек осы рухани дүниелерімізді жан-жақты терең зерделеп, шын жүрегімізбен қабылдай білуіміз керек. Бұл тек бүгінгінің ғана емес, ертеңгінің де алдында жауап беретін терең азаматтық парыз.

Барыңды бағалай білу ата-бабалардан қалған рухани мұраларды қалдырмай жинап, асылындай ардақап, көзінің қарашығындай сақтап, ақыл-таразысына тартқанда ғана, өткеннің дұрысы – өнеге, бұрысы-бүгінгіге сабақ болмақ. Ал осыны жүзеге асыру, ол-елін сүйген, ұлтын сүйген ЖҮРЕКТІҢ, болашағым сәулесі болсын деген ТІЛЕКТІҢ бірлігін биік мақсат арнасына үсіре білгенде ғана жүзеге асатын салиқалы іс. Бұл келешек ұрпақтың ойына өріс беру мақсатында жасалатын кемелді шаралар. Қазіргі кездегі қоғамның рухани құндылықтарының және ұлттың қайта жаңғыру тұсында өткен рухани жәдігерлерімізді қазіргі әлемдік өркениет тұрғысынан қайта пайымдап, зерделеу келешек ұрпақтың тарихи санасын дұрыс қалыптастырып өзін-өзі тануына, өзін өзгеге танытуда, барын байыпты бағалауына себепкер болатыны анық. Өткендегіміз-бүгінгінің, бүгінгіміз ертеңгінің мұрасы, оның сыры мен сымбатына қанығу қай ұрпақтың болсын парызы. Тарих пен тағдырдың арасы үнемі байланыста. Өйткені, баршамыздың тағдырымыздан тарих құрылады, ал тарих баршамыздың тағдырымызды қалыптастырады.

Өз өлкесінің тарихын білмеген, өз мәдениетінің жәй-күйіне жаны ашымайтын адам, бүкіл ел тағдырына шын ниетімен қинала қояры неғайбыл?! Олай болса, тарихи-мәдени мұраға жаны ашу-жас ұрпақты әрбір саналы азаматты отаншылдыққа, шынайы патриотизм мен гуманизмге баулудың ең тиімді де, ең ықпалды жолы. Мұрагер бола білмей тұрып, өз отаны үшін күресшілдікке, жасампаздыққа қол жеткізу қиын. Осы рухани мұрамызды жан-жақты зерделеп, бізге жеткізген асыл перзенттеріміздің бірі Әлкей Хақанұлы Марғұлан.

Ол – қазақ халқының этникалық тарихын, заттық және рухани мәдениетін ғылыми тұрғыда өте терең және кең ауқымда зерттеген үлкен ғұлама. Оның осындай жан-жақты білімнің иесі болуына Ленинградта оқып жүрген кезіндегі ірі ғұламалардан алған білімі болып табылады. Соның ішінде әсіресе Орта Азия тарихы мен археологиясы жайында академик В.В. Бартольдтің, Индия фольклоры мен өнері туралы академик С.Ф. Ольденбургтің, араб тарихи әдебиеті туралы Н.Я. Маррдың, Орта Азиядағы түркі халықтарының әдебиеті жайында академик А.Н. Самойловичтің лекциялары, сонымен бірге академиктер В.В. Струве, Б.Я. Владимирцов, И.И. Мещаников, В.Л. Щербаның және Е.Э. Бертельс, С.Е. Малов, Б.М. Эйхенбаум сияқты белгілі ғалымдардың мазмұнды лекциялары Ә.Х. Марғұланның жан-жақты, терең білім алуына көмектесіп, ғылымға деген өлшеусіз құштарлығын оятты. Ол тек студент болып ұстаздарының дәрісін тыңдаумен ғана шектелмей, өзі де ғылыми-зерттеу жұмысына қызу кірісе бастады.

1. Тағдыр ғалымның маңдайына қазақ еліне мол рухани мұра қалдырған, небір елден ерекше, күрделі тұлғалы, тағдырлы адамдармен кездесуді жазған екен. Бала кезінде Мәшһүр Жүсіптің, Жаяу Мұсаның, Имантайдың алдында отырып, батасын алған. Әлкей Хақанұлы: «Менің ғалым болып қалыптасуыма өскен ортамадағы адамдар әсер етті, олар: Сұлтанмахмұт Торайғыров, Әбікей Сәтбаев, Қаныш Сәтбаев, Хәкім Иманбеков, Жағыпар Секербаев және Жаяу Мұса», - дейтін.



2. Ғалымның дүниелік ұғымы мен танымы, жан-жақтылығы ешкімге ұқсамайтынын байқаған Әбікей Сәтбаев Семейдегі педагогикалық техникумға жолдама береді. Семейде оқып жүрген кезінде Әлкей Марғұлан Мұхтар Әуезовпен танысып, онымен бірге Абай атамыздың туған жеріне барып, баласы Тұрғұлмен жүздеседі. Осы сапарында ол біраз этнографиялық мәліметтер жинайды.

3. 1926 жылы ұйымдастырылған Қазақстан мен Алтайға академик Ферменмен профессор Руденконың басшылығымен болған экспедицияға Әлихан Бөкейхановтың айтуымен қатысады. Академик Руденко лагерде жүріп техника ғылымдарының докторы атағын алған ірі ғалым.

4. Әлкей Хақанұлының Алаш Ордашыларға деген пейілі, ниеті өте дұрыс болған. Ол айдаудан келген Мағжан Жұмабаевтың үйіне барып, қолынан келгенше көмек көрсеткені осының айғағы. Сол кездегі КНБ-ның жазуларында Әлкей Хақанұлы туралы жазғанда Мағжан шығармаларын ынтыға оқитын адам деп баға берілген. Осы туралы жан-жақты айтқан Шото Рустовеллидің «жолбарыс терісін жамылған батыр» атты шығармасын қазақшаға аударған, ақын Хамза Абдуллин еді.

5. Сақтар мәдениеті Андрон мәдениетінің заңды жалғасы екенін дәлелдеп берді. Беғазы-Дәндібай мәдениеті осы екі мәдениеттің арасында дәнекерлік рөл атқарғандығы ғылыми тұрғыда дәлелденді.

6. 5 томдық Қазақ КСР тарихының авторларының бірі болды.

7. Шоқан қаламнан туған 300-дей шығармасын тауып, оларға ғылыми редакция жасап, соның нәтижесінде ғұлама Шоқан туралы 300 беттік өмірбаяндық кітап жазып шықты.

8. Қазақ халқының рухани мұрасында өшпестей із қалдырған. Біржан сал, Ақан сері, Мәди, Мұхит туралы жазған еңбектері әлі күнге дейін өз бағасын жоғалтқан жоқ.

9. Ә. Марғұлан «Шоқан мен Манас» атты монографияны жазуға қыруар еңбек сіңірді. Бұл жұмыста Әлкей Хақанұлы қырғыз эпосы «Манастың» әртүрлі нұсқаларын салыстыра отырып зерттеудің нәтижесінде оған ғылыми талдау жасап, Ш. Уәлихановтың «Манасты зертеуге» қосқан үлесін де анықтап, нақтылай түсті. Абай туралы жинаған мол мағлұматты, деректер мен мақалалар осы күнге дейін терең жан-жақты зерттелмей келеді. Олардың көпшілігі архивтен жиналған дүниелер, сондықтан ұлы Абай туралы Марғұлан деректерін жеке кітап қылып жариялау келер ұрпақтың мойнында.

Ғылымның қандай саласы болмасын жан-жақты зерттеп халқына мол мәдени мұра қалдырған ғалымның аты ешқашанда өшпейді. Парасатты ғұлама ғалым Әлкей Хақанұлының зерделеген рухани дүниелері бүгінде жас ұрпақтың саналы азаматтық тұлға ретінде қалыптасуына зор қызмет етіп отыр.

«ҚАЗАҚ ЭТНОГРАФИЯСЫНЫҢ ШЫРАҚШЫСЫ» ҚАДЫР ЖЕҢІСБЕК

*Г.Н.Потанин атындағы Павлодар облыстық тарихи-өлкетану музейі
көпшілік бөлімінің экскурсовод жетекшісі,
Павлодар қ.*

Баянауыл елінен талай атақты жерлестеріміз дүниеге келген. Солардың бірі – этнограф Халел Арғынбаев. Ол 1924 жылы қыркүйек айында бұрынғы Павлодар уезіне қатысты Баянауыл ауданының 19 ауылында дүниеге келген. (Яғни қазір Аймауытов ауылында)

1939 жылы Қоңыр жеті жылдық мектебін бітірген соң, қапалдағы педогогикалық училищеге түсіп, 1942 жылы бітіреді. Сол жылдың тамыз айында Қызыл Армия қатарына шақырылады. Әскерден 1947 наурыз айында оралады. Оны 1954 жылы Қазақ КСР Ғылым Академиясының тарих, археология және этнография мамандығы бойынша аспирантураға түседі. 1950 жылдардың соңында ғалым «Орыс және қазақ арасындағы тарихи-мәдени байланыс және олардың, қазақ халқының рухани мәдениетіне әсері» деген тақырыптағы өте күрделі кандидаттық диссертация жұмысын жазып шығарды. Қазақстанның шығыс облыстарында дала жұмыстарында болған кездегі жиналған мол этнографиялық деректердің негізінде дайындалған бұл еңбек 1960 жылы Москва қаласының этнография институтында сәтті қорғады.



1959–76 жылы Қазақстанның бірқатар облыстарына арнайы ұйымдастырылған этнографиялық экспедицияларды басқарды. Қазақстан және Орта Азия халықтарының тарихи-этнография атласын жасауға ат салысты.

Әрине, бұл қызмет оның дәстүрлі қазақ этнологиясына атқарған белсенді ғылыми зерттеу еңбегі үшін берілді. Оның көптеген жылдардағы әр облысқа, аудандарға Шығыс, Солтүстік, Орталық, Батыс, оңтүстік Қазақстан және Жетісу жерлеріне ғылымдағы аға әріптестерімен – академик Ә.Х. Марғұлан, тарих ғылымдарының кандидаты И.В.Захаров, жас ғалым М.С. Мұқанов, Р.Д. Ходжаева мен жасалған экспедицияларының нәтижесінде ел арасынан қыруар мәліметтер жинады.

Халел Арғынбаевтың негізгі ғылымдағы өнімділікке қол жеткізген кезі 1960-1980 жылдары болып саналады. Сол жылдары ғалым 30 шақтығылыми экспедицияның жетекшісі әрі мүшесі болып, Қазақстанның барлық территориясын зерттеп шыққан.

Соның нәтижесінде бірнеше ірі монографиялық зерттеулер жазуға қол жеткізді.

1969 жылы «Қазақтың мал шаруашылығы жайындағы этнографиялық очерк» атты монографиясы жарық көрді. Кітапта мал шаруашылығының басты салаларына өте жоғары кәсіпкерлік деңгейде назар аударылып, көшу-қону жүйесіндегі шабындық пен жыл мезгілеріне қатысты шарқашылықты жүргізу және малды емдеуге байланысты малдәрігерлік емдеу дәстүрлеріне жан-жақты талдау жасалған. Оның 1973 жылы жарық көрген 20 баспа табақ шамасындағы «қазақ халқындағы семья мен неке» монографиясы. Бұл еңбекке негізінен отбасы мен некенің түрлері, туыстық қарым-қатынастар, отбасының ішкі мәселелері, өмірде кездесетін түрлі жоралғылар, үйлену, дәстүрлі некенің өткені мен болашағы сияқты әлеуметтік жайлар қамтылған.

Ғалымның осындай зерттеу еңбектерінің нәтижесі болып оның докторлық диссертация қорғауы болып табылады. 1976 жылдан бастап ол Қазақстан этнографтарының заңды лидері атанып, тарих институтының осы аттас бөлімін басқаруға кіріседі.

Этнограф ғалым 1970-1980 жылдары түрлі құнды материалдарын бүкілодақтық ғылыми жинақтар мен журналдарда, шет ел басылымдарында жариялатып, антропологиялық және этнографиялық ғылымдар бойынша өткізілген халықаралық конгрестерде баяндаған.

1980 жылы Алматыдан көлемі 24 баспа табақ «Қазақтардың шаруашылығы» атты кітап жарық көрді. Кітаптың негізгі бөлігін этнографтар жазған.

Ғалымның үшінші бір ірі монографиясы «Қазақ халқының колөнері» деп аталады. Алматыдан 1987 жылы жарық көрген еңбектің көлемі 16 баспа табақ.

Х.Арғынбаевтың ғылыми ізденістерінің басты бағыты болып оның зерттеулерінің кітапқа айналуы болып табылады. Соның нәтижесі ретінде алты монографиясы жарық көрген. Осылар мен қатар көптеген мақалалар, ұжымдық еңбектердің бөлімдерін, рецензиялар, ғылыми анықтамалық және ғылыми материалдарының саны 250-ден астам.

Арғынбаев Қазақстандағы этнография ғылымының негізін салған.

Х.Арғынбаевтың көптеген еңбектері халыққа кеңінен танымал.

Ол өмірінің соңғы 20 жылдан астам уақытын ҚазПИ мен ҚазМУ-нің студенттеріне дәріс беруге арнады. Жалпы айтқанда, Халел Арғынбаевтың бүкіл өмірі, оның ұйымдастырушылық, ғылыми-педагогикалық қызметі, қазіргі және болашақ тарихшылар мен этнологтар үшін мысал бола алады. Ғалымның адамгершілік мінезі мен қарапайымдылығы, кеңпейілділігі, тектілігі, ақылдылығы мен данышпандылығы әріптестері және шәкірттерінің, жақындары әрі туыстарының есінде мәңгілік сақталады.

Музей қорымызда қолжазбалары, фото суреттері мен кітаптары және ат әбзелдеріне байланысты сызба нұсқалары сақталған.

Библиографиялық сілтемелер:

1. «Қазақ халқының көшпелі мал шаруашылығы» (1961).
2. «Мал ауруларын емдеудегі халықтық тәжірибе» (1969).
3. «Қазақотбасы» (1996).
4. «Традиционная культура жизнеобеспечения казахов: Очерки истории и теории» (1998, авторлармен бірге).
5. «Қазақ шежіресі хақында» (1998). Егемен Қазақстан 2023 ж.

«СӘБИТ ДӨНЕНТАЕВ – ҰЛЫ АДАМ!»

НҰРГАЗИНОВА П. Қ.

Ақсу тарихи-өлкетану музейі бөлімшесінің қор сақтаушысы

Қызмет көрсет халқыңа,
Игі ат қалсын артыңа.
Діндесінді бауыр тұт,
Қарамай қазақ сартына.
Аз нәрсеге мас болып,
«Мен пәлен» деп шалқыма.
Пайдалы басқа өнерден,
Ұлт керегі дегеннен.
Жан қиналып жолында,
Бас кетсе де тартынба

Қазақ әдебиетінің төрінен орын алған жерлесіміз, әйгілі жазушы, қазақ әдебиетінің даму тарихында аса бағалы әдеби мұра қалдырған ақын Сәбит Дөнентаев 1894 жылы Павлодар облысы Ақсу ауданында кедей шаруаның отбасында туған. Әкесі Дөнентай кедей еді. Руы Арғын ішінде Бәсентіін.

Октябрь Революциясына дейін қазақ ауылында жөнді мектеп болмағаны, орысша оқуға кедей балаларының қолы жетпегені айтпаса да белгілі. Соның бірі Сәбит еді. Бала кезінен оқу-білімге ұмтылған болашақ қаламгер алдымен ауыл молдасынан сауат ашып, хат таныған. 1907-1908 жылдары Маралдыдағы Нұрғали деген молдадан төте оқу әдісімен дәріс алған. Одан кейін Павлодар қаласындағы Қасым қожаның медресесіне (1911-1912) түсіп, білімін толықтырады. Бұл жылдары Сәбит өздігінен ізденудің арқасында татар әдебиетімен танысады, Абай шығармаларына ден қояды. «Айқап» журналын үзбей алып тұрады. Орыс әдебиетін, әсіресе Крылов мысалдарын қызыға оқиды. Сөйтіп оның ой-санасы есейіп, ақындық таланты қалыптаса бастайды. 1913 жылы «Айқап» журналында Сәбит Дөнентаевтың «Қиялым» деген өлеңі жарияланды. Бұл - ақынның баспа бетін көрген тұңғыш туындысы еді. Онда Сәбит халық жыршысы болуды армандайды. Өлеңдегі ақын ойы жұмбақтау, астарлап айту үлгісімен беріледі. Ол түрлі-түсті әдемі сандуғаш болып, «Зарымды жұртқа айтып», «Мұңымды шақсам» деп қиялдайды. Бірақ ол орманның жыртқыш құсы - қаршыға мен тұзақшыдан қорқады. Осы кезден бастап өз заманының маңызды мәселелерінің бәріне үн қосқан ақын өлеңді үзбей жазады. Оның өлеңдері мен публицистикалық мақалалары «Айқап» журналында жиі-жиі жариялана бастады.

1915 жылы Уфа қаласында ақынның «Уақ-түйек» деген атпен алғашқы өлеңдері жинағы басылып шықты. Бұл жинаққа кірген өлеңдерде ақын сол дәуірдегі қазақ халқы өмірінің әр алуан күйлерін, қоғамдық шындықты көркем бейнелеуге ұмтылған. Бұл кездегі әдебиет қазақ халқының қараңғылықта шырмалып отырғанын сынап, елді өнер-білімге үгіттеуді мақсат етті. Сәбит Дөнентаев та осы тақырыпқа белсенді үн қосты.

Оның поэзиясы терең мазмұнды, ойлы болумен бірге көркемдік қырларымен, өзіндік өзгешеліктерімен де ерекшеленеді. Ең алдымен ақынның көптеген өлеңдерінде нақтылық сипат, тұжырымдылық басым. Оның поэзиясының тілі таза, қарапайым және сонымен бірге бейнелі де көркем. Сәбит поэзиясында сырттай жарқылдақтық, асқақ лептілік жоқ. Ол өмір шындығын боямасыз қалпында, реалистік сарында суреттейді. Ақын ойға жомарт, сөзге сараң болуға көп көңіл бөледі...

Ол Абайдың реалистік дәстүрін берік ұстап, әдебиеттің халықтық мұраттарын ілгері дамытқан, өз дәуірінің мәселелеріне үн қосқан ақын болды. Сәбит кемеңгер Абайдан көп үйренген ақындардың бірі. «Абайға» деген өлеңінде былай деп жазады:

«Қараңғыда туып ең,
Қара бетті жуып ең.

Таба қылмай дұшпанға,
Қолға ұстаған туымыз,
Қанат-құйрық, бойымыз.
Қонғанда да ұшқанда.
Құрмет етіп затыңды,
Бетке ұстаймыз атыңды...»

Тұтастай алғанда бұл өлеңнен Сәбиттің Абай поэзиясының идеялық бағытын, әлеуметтік сырын дұрыс бағдарлағанын, сонымен бірге Сәбиттің Абайдан тікелей үйренгендігінің де айғағы.[1]

Сәбит ел басқарған адамдардың еңбегін халыққа жоғарыда өзі айтқан үлгіде қызмет істей алуымен өлшейді. Осы тұрғыдан ол қазақ ұлтшылдарының өтірік елім, жұртым деп жүгіріп, еңбекші бұқараның мүддесін қорғауға бармайтынын, өз бастарының қамын көбірек ойлайтынын сынайды. «Ұлтшылға», «Қайтіп қарғыс алмайсың» өлеңдерінің бұл тұрғыда ұлтшылдықты әшкерелеушілік күші басым. Алғашқы өлеңдерінде акын:

Қарның тоқ, жұмысың жоқ кезінде,
Миллеттің қызметіне ерінбейсің.
Басыңа қайғы келіп, сасса жұртың,
Неліктен маңайыңда көрінбейсің, –

десе, екінші өлеңінде ұлтшыл басшының әр қилы алаяқтық мінездерін суреттейді. Революция алдында және революция жылдары қазақ халқының ілгері дамуына кедергі жасауға тырысқан ұлтшылдық ағымды әшкерелеуде Сәбиттің бұл өлеңдерінің үлкен маңызы бар.[2]

1919-1922 жылдар арасында ол қазақ ауылдарында мұғалім, халық соты қызметтерін атқарды. 1928 жылдан бастап «Қазақ тілі» газетінің редакциясында жұмыс істеп, барлық күш-жігерін қазақ әдебиетін дамытуға жұмсайды. С.Дөнентаевтың ақындық қызметі екі кезеңге бөлінеді.

Бірінші кезеңі – 1912-1918 жылдар арасы, екінші кезеңі - кеңес дәуіріндегі шығармашылығы, яғни 1918-1928 жылдар арасы. Ақынның «Заман кімдікі», «Досқа», «Замандастарға», «Балалық» және т.б. өлеңдері халықтың азаттыққа ұмтылу арманын суреттейтін реалистік шығармалар болды. Ол өз дәуірінің қоғамдық шындығын кең жырлаған, қазақ әдебиетінің өткір сатиралық стильді қалыптастырған ірі суреткер акын ретінде танылды. С.Дөнентаевтың қуанышы да, реніші де жетерлік болды. Талай соқпақты жолдардан өтті. Байлардың сұрқия мінездерін әшкерелеп, халықтың қайғы-мұңымен бөлісті. Өзге елге тәуелді болып жүрген қазақ халқының Тәуелсіз ел болуын қалады. Сәбиттей халықтың мұңын жоқтаушы ұлт азаттық үшін күрескен қайраткер ақынды туғызған елі, халқы. Қала мен мәдениеттен алысырақ жерде дүниеге келсе де, оған өскен ауылы, қазақи салт-дәстүрі ерекше бір ақындық сезім сыйлаған ба дерсің. Оның сезгіштік, болашақты болжайтын қасиеті ел арасында өсіп, байлардың қорлығы мен зомбылығын көрген әкесі мен ауыл кедейлерінің аянышты өмірі бостандық үшін күресте сабақ болды. Адасып жүрген халықты ынтымаққа шақырып кедейшіліктен, жоқшылықтан арылудың жолы – бостандық үшін күрес деп түсіндірген, қазақ халқының бостандық үшін күресуіне жол ашып берген, халқының мұңын жоқтаған, халқының бағына туған перзентін Құркөл ауылы:

– Ортарлық күреске дем беріп, ұшқыр қаламының күшімен күрескен, өмірден ерте кеткен, халқымыздың аяулы ұлы С.Дөнентаев ауылы – міне осы, – деп тұрғандай. Ия, Сәбит ақынның аңсаған, армандаған күні де туды. Қазақ елінде мәңгілік тәуелсіздіктің жаршысы болып желбіреп тұрған көгілдір ту барша Қазақ елін Мәңгілік ел болуға, бірлікке, бауырластыққа шақырып тұр. Бұл Ту – Тәуелсіз азат еліміздің қасиетті белгісі. Осы бейбіт өмірге жете алмай кеткен арыстарымыздың бірі – Құркөлдік ақын Сәбит Дөнентайұлы. Ол айналасына күлімсіреп қарап: - Халқым менің, тәуелсіздіктің иісін алыстан сезгенмін. Халқымның бостандығы өмір бойы жүрегімде ақтық демім қалғанша көкейімді мазалап жүрген. Келешек ұрпақ еркін өмір сүретініне мен сенгенмін, - деп тұрғандай. Иә, жүрген жүрісі салмақты болса, айтар сөзі де байсалды, сөз таппай жерге қараған кезі жоқ. Мысыңды басып, әжуалап айтып салатын өзіндік мінезі бар. Құркөлдік ақын С.Дөнентайұлы бостандықты аңсаған аңыз адам болып, ұрпақтан-ұрпаққа жетіп ел есінде мәңгілік сақталмақ. [3]



Өмірінің соңғы шағында Сәбит денсаулығының сыр беруіне байланысты ештеңе жаза алмайды. 1929 жылы Қазақстан Пролетариат жазушыларының ұйымына мүше болып кірген ол кеңес қаламгерлерінің қатарында белсенді қызмет істеуге құмарлығын айтады. Пролетариат жыршыларына деген өлең жазды. Бірақ ақынның денсаулығының нашарлығы оған мүмкіндік бермеді. Денсаулығына байланысты ол біраз жыл Павлодарға барып тұрады. Бесқарағай ауданында халық ағарту жүйесінде қызмет істейді. 1932 жылы қайтадан Семейге келіп, Социалистік Шығыс газеттерінің әдебиет бөлімін басқарады.

1932 жылы Алматыға келіп, шығармаларын баспаға тапсырады. Алматының әдеби өмірімен танысып, тың шабытпен жұмыс істеуді армандайды. «Енді ширайтын кез келді. Денсаулықты біраз түзеп алып, өндіріске жуық, сонымен қатысы бар жерде тұрып, белсене жұмыс істесем деген ойым бар. Жазушылар съезіне қатынасып, баяғы қатемді түзеп, жаңа күрделі шығармалар берсем деймін», - деген тілек білдіреді. Бірақ сол арманына жете алмайды. Өзінің қамшының сабындай ғана қысқа ғұмырында ақындығымен танылып, белді журналист бола білген Сәбит мәңгілік тұрағын да Семей жерінен тапты. Ол 1933 жылыұзақ аурудан қайтыс болып, Семей қаласынан Восход ауылына шыға берістегі мұсылман зиратына жерленді.

Сәбит Дөнентаев өмірден өткенімен, оның туындыларын бағалап, жинақ етіп шығару ісін жалғастырушылар табылды. 1935 жылы Р.Жаманқұловтың алғы сөзімен «Сәбит Дөнентаевтың өлеңдері» деген атпен 1950 жылы «Өлеңдер» деп аталатын шағын жинағы, профессор Е.Ысмайыловтың алғысөзімен; 1958 жылы орыс тіліндегі жинағы жарық көрген болатын. Осыдан кейін араға 30 жыл салып, 1989 жылы екі жинағы қатар жарық көреді. Біреуі «Бозторғай» деген атпен Құлбек Ергебековтың алғы сөзімен басылса, екіншісі «Ұрпағыма айтарым» деген атпен Сәбиттің қызы Сәулет Дөнентаеваның құрастыруымен, басылып шықты. Осы жинаққа ақынның өлеңдері ғана емес, әр жылдары әртүрлі басылымдарда жарияланған мақалалары қоса берілген.

Сәбит – өзіндік ерекшелігі мол ақындардың бірі. Ол – мазмұнды, қысқа өлеңдердің шебері. Өлеңге аз сөзбен көп мағына сыйғызуда, оның қарапайымдылығын сақтауда, тіл бейнелігін көтеруде ақынның табыстары аз емес. Ол сырттай жылтырлыққа құмартпайды, көтеріңкі лептілікке де бармайды, өлеңді боямасыз, реалист ақынға тән жұпыны күйде жазады.

Сәбит Дөнентаев өзі өмір сүрген дәуірдің үні болды. Халықты бостандыққа, еркіндікке шақырды. Ақын өлеңдерінде оқу-білімнің жетістігі, әйел теңсіздігі, байлардың қарау мінезі, еңбеккерлік пен жалқаулықтың айырмасы бірде поэтикалық мәнер танытқан ақын.

Сәбит – шебер сатирик ақын. Оның мысалдары да, сыншылдық өлеңдері де ақынның бұл саладағы үлкен табысына қосылады. Ол мысал жанрын қазақ әдебиетінде кеңінен дамытты. Ыбырай мен Абайдың, Спандиярдың мысалдары негізінен аударма арқылы туса, Сәбит жанрды өзінің төл шығармаларымен байытты.

Қызмет көрсет халқыңа,
Игі ат қалсын артыңа.
Діндесінді бауыр тұт,
Қарамай қазақ сартына.
Аз нәрсеге мас болып,
«Мен пәлен» деп шалқыма.
Пайдалы басқа өнерден,
Ұлт керегі дегеннен.
Жан қиналып жолында,
Бас кетсе де тартынба, –

деп жырлаған ақын өз дәуірінің қоғамдық шындығын кең жырлаған, ешкім қайталамайтын сатиралық стилін қалыптастырған ірі суреткер.[4]

«Өлі разы болмай тірі байымайды» демекші, ақынның өзінен кейінгі өшпес мұра қалдырған, атаның ғана баласы емес, адамның баласы бола білген азаматқа арнап бүгінгі таңда Сәбит Дөнентаев атындағы мәдениет сарайы және ескерткіші, қаланың көшелерінің біріне есімі берілді және 1991 жылы Құркөл ауылында С.Дөнентаевқа арнап ескерткіш орнатылып, мектепке есімі берілді.



Өзі дүниеден өтсе де ұрпағына өнегелі асыл сөздерін, өсиетін қалдырып кетті. Ақынның жүрек түкпірінен шымырлап шыққан әзіл-қалжыңдары, мысалдары мен сықақ өлеңдері халқына жетті. Сәбиттің ұлылығы оның әрбір сөзінде, жалынды жазған өлеңдерінде, қыр шумақтарында. Ақынның ұмытылмайтын өмір жолы, асыл сөздері, игі істері еш уақытта ұмытылмайды. Сәбиттің гибратты ғұмыры елінің есінде, халқының жүрегінде мәңгі сақталады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. С.Дөнентаев «Ұрпағыма айтарым» Алматы, «Жазушы», 1989 жыл, 303-бет
2. Б.Бұланбаева «Сәбит Дөнентайұлы» Павлодар, «Сытина», 2014, 304-бет.
3. Е.М. Арын. «Заман кімдікі» таңдамалы «ЭКО», Павлодар, 2011 жыл, 87-бет
4. Ысқақов Б. Сәбит Дөнентаевтың ақындық жолы. Алматы: Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1966. - 378 б.
5. Еленов Ж. Сәбит Дөнентаев. Алматы: Рауан, 1985. - 610 б.
6. Б.Жақып. Публицистикалық шығармашылық негіздері. Алматы: ҚазҰУ, 2007. - 324

ҰЛТТЫҚ МУЗЕЙ ҚОРЫНДАҒЫ ӘЛКЕЙ МАРҒҰЛАННЫҢ ЖЕКЕ ЗАТТАРЫ

РАХИМОВ Е. К.

жетекші ғылыми қызметкер, PhD

Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі, Астана қ.

XXI ғасырдың басында әлемде болып жатқан жаһандану, экономикалық дағдарыс және әлеуметтік қайта құрулар қоғамның ұлттық мұраға деген көзқарасын өзгертті. Мәдени мұра – ұлттық байлық, тұрақты дамудың кепілі ретінде қабылданады. Қазіргі жағдайда бұл ұғым қоғамның көптеген аспектілерінің өміршеңдігін айқындайтын іргелі түсінік болып қабылданды. Халықтық мұраның сақталуына, қамқорлық жасауға арналған негізгі әлеуметтік-мәдени мекеме – мұражай. Музейлер табиғат, тарих және мәдениет ескерткіштерін анықтау, зерттеу, сақтау және танымал ету орталықтарына айналған.

Соңғы онжылдықтарда Қазақстан Республикасында тарих пен мәдениетке, ұлттық салт-дәстүрге қоғамның қызығушылығы артты. Бүгінгі күнге дейін жалғасын тауып келе жатқан «Рухани жаңғыру» мемлекеттік бағдарламасы табиғи және мәдени мұра нысандарын анықтау, зерттеу, қалпына келтіру, консервациялау және реконструкциялаудағы музейлердің рөлін күшейтуге бағытталған (Болашаққа..., 2022).

Музейлер – еліміздің мәдени кеңістігінің бір бөлігі болып табылатын ерекше коммуникациялық жүйе, олар заманауи мәдениеттер «диалогында» делдал бола алады, бұл музей қорларында сақталған мәдени мұраны, оның ішінде тарихи тұлғалардың жекезаттары сақталған топтамаларды зерттеудің маңыздылығын көрсетеді (Маканова, 2012, Б. 13).

Еліміздің ең ірі музейі – Астана қаласындағы Ұлттық музей қорларына қазақтың тарихы, өнері мен мәдениетінде, білімі мен ғылымында өшпес із-қалдырған тұлғалардың жеке заттары түрлі жылдары түсіп, қазірдің өзінде көздің қарашығындай сақталып келеді. Сондай тарихи тұлғалардың бірі – ғұлама ғалым, қазақ археологиясы мен этнологиясы, өнертануы мен шоқантануына зор үлесін қосқан, біздің жерлесіміз академик Әлкей Хақанұлы Марғұлан (Рахимов, 2022, Б. 4).

Әлкей Марғұлан тумасымен, болмысымен, бітімімен, тұлғасымен, содан кейін барып білімімен даналық мәйегінен сусындаған ақылдың кені. Далада туған даналардың, нағыз энциклопедияшыл ғұламалардың ең соңғы тұяғының бірі – академик Әлкей Марғұлан деп білеміз. Оның ойлау жүйесі, пікір пайымдауы, тұжырымдары, жазу және әңгімелеу мәнері мүлдем өзгеше, тосын құбылыс еді. «Бір өзі – бір академия» атанған ұшан-теңіз білім иесінің ғылымға қосқан үлесі өлшеусіз. Қазіргі республикадағы тарау-тарау жолдарымен даралана дамыған ғылым салаларының баршасының бастау бұлақтарының бір көзі – осы Әлекең (Алдабергенов, 2003, Б. 68).

Әлкей Хақанұлы Баянауылдың Жасыбай көлі жағасында 1904 жылы сәуірдің нұрлы шуағымен бірге дүниеге келді. Биыл міне, ғалымның 120 жылдық мерейтойы. Осы баяндамада Ұлттық музей қорларында сақталынып келетін Ә.Х. Марғұланның жеке заттары туралы әңгіме болмақ.



2019 жылдың маусымында Ұлттық музейге сый тарту акциясы барысында ғалымның қызы Дәнел Әлкеевна әкесінің жеке қолданысында болған кейбір заттарды тапсырды. Бұлар Әлкей атамыздың тұрмыста қолданған ыдыс-аяқтары, кәдесыйы, техникалық құралдары, киген киімі, мұра етіп қалдырып кеткен қолжазбасы (Ұлттық., 2018). Енді, соларға жеке-жеке тоқталайын.

1) Кесе. Фарфордан Қытайда жасалған. Шамамен 1960-1970 жылдары. Кесенің сақталымы жақсы, тек түбі мен шеттері сырылған.

2) Тарелка. Мөлдір шыныдан жасалған. Шамамен 1960-1970 жылдары. Пішіні дөңгелек, жайпақ, астынан 5 мм-дей тұғыры бар. Шеттері әсемделіпөсімдік тәріздес оюларменнақышталған, түбінде геометриялық өрнек орналастырылған. Көлемді зақымдалуы жоқ.

3) Қасық. Ақ металдан жасалған. Материалы: тот баспайтын болат. Өндірісі анықталмады. Ғалым 1960-1970 жылдары пайдаланған. Ұзындығы 10 см.

4) Радиоқабылдағыш. Жапонияда «SONY» фирмасы 1968 жылы шығарған. Материалы: металл, пластмасса, желім, жасанды былғары (дермантин). Қорабысы бар, бірақ оның былғары тұтқасының бірі үзілген. Қазіргі күні іске қосылмайды. Әлкей Хақанұлы бұл радиоқабылдағышты өзімен бірге экспедицияларға алып жүрген сияқты, өйткені бұл портативті, тасуға қолайлы техникалық құрал. Ал жасалған елі мен фирмасына қарағанда, өте сапалы болуы тиіс.

5) Қол сағаты. Шамамен 1970-жылдары бұл сағат кәдесый ретінде жасалып ғалымға сыйланған. Бір жағынан сағат, екінші жағынан «оттық» (зажигалка) болған. Ә.Марғұлан бұл сағатты экспедицияларға және серуендеуге алып жүрген. Қолданыста болғандықтан сырылған. Қазіргі күні жүрмейді.

6) Кәдесый «Спасск мұнарасы». Ғалымның үстелінде тұрған бөлмедегі ауа температурасын өлшегіш. Шамамен 1950-1960 жылдары Ресейде жасалған. Материалы: металл, қызғылт шыны. Биіктігі 20 см.

7) Пальто. Қызының айтуы бойынша Ә.Марғұлан бұны 1970-1980-шы жылдары киіп жүрген. Материалы: жүн мата. Техникасы: іс машинасымен тігілген. Қара түсті матадан тігілген, қайырма жағалы, ұзын жеңді. Пальтоның артқы жақ етегінде ойығы бар. Қара түсті матамен астарланған. Өңірінде үш қара түсті түймесі және екі жеңінде үш түймесі бар. Екі жанында екі қалтасы және ішкі жағында екі қалтасы бар. Сол жақ ішкі қалтасында түймесі бар және қалтаның астында заттаңбасы (этикеткасы) бар. Заттаңбада өндірген фабрика атауы мен елі жазылған: «Marks & Spencer. Italian fabric». Осыдан пальтоның Италия елінде тігілгенін білдік, сондықтан бұл сыртқы киім жоғары сапалы. Сақталымы: өте жақсы.

8) Ғалым, археолог, этнограф, тарихшы Әлкей Марғұланның зерттеу жұмысын білдіретін қолжазба (2 парақ). А-4 форматында. Парақтың артқы бетіне қаламмен сызықтар жүргізілген. Қағаздың жиектері желінген, сарғайған, ортасынан бүктелген, сары дақ түскен, бірінші бетінің сол жақ төменгі бөлігі бүктелген. Қолжазба өте құнды. Қазақ тілінде, кириллицамен жазылған. Мазмұнында қазақ даласында хандармен бекітілген Жарғылар туралы, соның ішінде «Қасым ханның жарғысы» туралы айтылады. Шимақталған, түзетілген, мәтіннің мазмұнына автор өзгерістер енгізген. Бұл қолжазба қандай еңбек үшін даярланғаны әзірше белгісіз болып тұр.

Қорытынды. Ұлттық музейде сақтаулы тұрған Әлкей Хақанұлы Марғұланның жеке заттары ғұлама ғалымның тұрмысы мен шығармашылығын білдіретін материалдық және рухани мәдениеттің жәдігерлері. Бұлардың үлкен ғылыми-музейлік құндылығы бар. Өйткені, аты аңызға айналған тарихи тұлғалардың жеке қолданысында болған заттар киелі қасиетке ие болатыны анық, адамдар бұларды қастерлейді. Ғалымның жеке заттары уақытша көрмелерге шығарылып тұрады, сондай-ақ келешекте тұрақты экспозицияға қою мәселесі де тұр.

Биылғы 2024 жыл – Әлкей Марғұланның мерейтойлық жылы. Сондықтан, әйгілі жерлесіміздің мұрасы өшпесін, оның ғылыми ашылымдары мен еңбектері әрқашан зерттеу нысанында болсын, ал ғалымның ғибратты өмірі жас ұрпаққа өнеге-тәрбие болып қала берсін деп, баяндамамды аяқтаймын.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Алдабергенов Қ. Ақылдың кен-мәйігі (Ә. Х. Марғұлан туралы) // Бір туар дара тұлғалар. – Павлодар: НПФ ЭКО, 2003. – 364 б.



2. Болашаққа бағдар: руханижаңғыру бағдарламасы. Интернет ресурсы: http://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy?q=рухани%20жаңғыру (қатынасу күні 15.02.2024).

3. Мәканова Ж. О проблемах и перспективах музейного дела в РК // Музеи Казахстана. – 2012. – №1 (1). – С.13-16.

4. Рахимов Е.К. Әлкей Марғұлан – шоқантанудың негізін қалаушы //Сборник материалов межд. науч.-практ. конф. «Актуальные вопросы изучения историко-культурного наследия казахского народа в исследованиях академика А.Х. Марғулана». – Павлодар: Павлодарский педагогический университет, 2022. – Б. 4-10.

5. Ұлттық музей қорлары. Топопись. – Астана, 2018.



Сурет 1. Кесесі.



Сурет 2. Тарелкасы.



Сурет 3. Қасығы.



Сурет 4. Радиоқабылдағыш.




Сурет 5. Қол сағаты.



Сурет 6. Кәдесыйы.



Сурет 7. Пальтосы.



Сурет 8. Қолжазбасы



Сурет 9. Әлкей Марғұланға арналған көрмеден көрініс

«ӘСЕМ ДАУЫСТЫ ӘНШІ»

РАХИМОВ Е.О.

*Майра Шамсутдинова атындағы ән-өнер шығармашылығы музейінің басшысы,
Павлодар қ.*

Баянауыл баурайынан шыққан атақты әнші жерлесіміз, қазақ эстрада өнерінің жарқын жұлдызы болған сахна шебері, асқақ әнші, киноактер, композитор Суат Әуезбекұлы Әбусейітов 1929 жылы 4-ші қарашада Павлодар облысы Баянауыл ауданы Жаңажол, қазіргі Мәшһүр Жүсіп Көпеев атындағы ауылда дүние есігін ашты. Өзінің саналы ғұмырын ұлттық ән өнерінің өсіп-өркендеуіне арнады. Қазақ ұлтының өнерінің дамуына зор үлес қосқан Суат Әбусейітовтың есімін жерлестері қадір тұтады. 1997 жылы Алматы қаласында оның тұрған үйіне ескерткіш тақта орынатып, елеулі еңбегіне құрмет етті. Сондай-ақ Павлодар қаласындағы №4 өнер мектебіне әншінің аты берілді.

Баянауылдан небір дарын иелері шыққан киелі өлке болғандықтан да шығар, Суат өскен орта өнерге өте бейім болды. Өнер десе ішкен асын жерге қоятын елдің адамдарының ықпалы Суатқа зор әсер еткені сөзсіз. Ол әнді, жырды, жалпы өнердің қай түрін болса да ерекше қадір тұтты. Оған себеп әкесі Әуезбек өте сері адам болған екен. Ол ақсақал қолына домбыра мен сырнай алып ән салғанда кейбір профессионал әншілерден бір де бір кем түспеген екен. Күміспен әшекейлеген ер тұрман салып, жүйрік, әрі сұлу атпен серуендегенді, ойын-сауықты жаны сүйген, сұлулықа жаны құмар адам болған деседі. Балаларының биік шыңға жетуіне осы кісі ерекше көңіл бөліп,



олардың өнер-білімге жақын болуына тікелей өзі ықпал жасайды. Осы мақсатпен ол Павлодар қаласына көшіп келіп, қалада атақты Майра Уәлиқызының атқосшысы болып, әйгілі әншінің орындауындағы әндерді сүйсіне тыңдаған екен.

Суаттың туған ағасы, белгілі кинорежиссер, актер, әнші-музыкант, әрі ақын, ҚР еңбек сіңірген мәдениет қайраткері Қуат Әбусейітов ұлттық кино өнерінің өркендеуіне орасан зор үлес қосқан қоғам қайраткері. 500 фильмді бір өзі қазақ тіліне аударып, көркем және деректі картиналарды түсірді.

Сонымен қатар қазақтың сөз өнерінің шыңы ақындыққа да бейім болғандықтан «Сыр сандық» атты өлеңдер жинғын жарыққа шығарды. Өмірлік серігі, кинорежиссер, ҚР еңбек сіңірген қайраткері Майра Бекжұман қызы туралы кітапты қызы, ғылым докторы, Шығыстану институтының директоры Меруерт екеу бірлесе отырып шығарды.

Бірде Әуезбек ақсақалдың үйіне бас сұққан атақты Мәшһүр Жүсіп ата оның екі баласына қарап: «Бұл үйге құдай қуат берсін, сусағанда сусынындай суат берсін, егіздей Қуат, Суат болсын!» - деп ақ батасын беріп кетеді. Сол күннен бастап бұрынғы Рахметолла, Хайролла есімі ұмыт болып, Қуат, Суат атанады.

«Политика», «Искусство» и «Герои войны», где в каждом можно подробно ознакомиться с биографией и фотографиями выдающихся личностей. То есть, в экскурсию, в связи с большим объемом информации, невозможно уместить подробную информацию о каждом известном земляке нашей малой родины, а посетитель может самостоятельно изучить информацию по заинтересовавшей его персоне.

Также в данном зале представлена touch-панель «Сакральная карта Павлодарской области», в которой присутствует полная информация о сакральных объектах Павлодарского Прииртышья. Информацию можно просмотреть как по географическому положению, так и по списку. Информация включает в себя 42 объекта с их географическим местоположением, кратким содержательным текстом, фотографиями, видеоматериалами и 3D визуализацией местности.

В целом использование современных технологий ставит своей целью не заменить общение с музеем, а организовать более качественную и эффективную коммуникацию посетителей с культурными ценностями.

Масштаб распространения информационных технологий в музейной деятельности углубляет процесс глобализации и самым серьезным образом влияет на характер культурной жизни общества, открывая широкие возможности для постижения традиционной культуры и создания новых ее форм. При этом следует помнить, что мультимедийное оборудование музея не заменяют подлинной жизни, равно как и подлинных произведений искусства (Старикова, 2013, С. 328). Таким образом, речь идет о характере взаимодействия между носителями традиционной и информационной культур. Формирование этого взаимодействия отражается в педагогической коммуникации музея, так как музей на протяжении своего исторического развития аккумулирует различные формы работы с людьми – такие, как экскурсии, лекции, исторические и патриотические часы, кинолектории, вечера памяти и другие различные мероприятия.

Список использованной литературы:

1. Алдошина И. А., Сошников В. Д., Познин В. Ф., Денисов А. В., Игнатов П. В., Кузнецов И. Р. Шехтер Т. Е. Искусство мультимедиа. Мультимедиа и техника. – СПб.: СПбГУП, 2010. – 204 с.
2. Бычков В. В., Маньковская Н. Б. Виртуальная реальность как феномен современного искусства // Эстетика: Вчера. Сегодня. Всегда. – М.: ИФ РАН, 2006. – Вып. 2. – С. 32–60.
3. Старикова А. А. Современные технологии в музейном пространстве / А. А. Старикова // Этюды культуры: материалы Всероссийской научно-практической конференции студентов, аспирантов и молодых ученых, Томск, 18–20 апреля 2013 г. Томск, 2014. С. 328.– Режим доступа: <http://vital.lib.tsu.ru/vital/access/manager/Repository/vtls:000505737> (дата обращения 15.02.2024).
4. Столяров Б. А. Музей в пространстве художественной культуры и образования: Учеб. пособие. СПб., 2007. 340 с.

«ОНТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ӨНІРІНІҢ КИМШЕК ҮЛГІЛЕРІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ»

ОСПАНОВА М.Н.

Өнертану мамандығы, ҚазҰӨУ, Астана қ.

Ғылыми жетекшісі ҚазҰӨУ-нің профессоры, өнертану кандидаты

Асылбекова А.М.

«Кимешек – көшпелі ортада қалыптасқан, экологиялық талаптарға толықтай жауап беретін қазақ әйелдерінің баскиімі» [1, 93]. Оның жалпы халықта сақталып қалған образына әртүрлі факторлар әсер еткен. Оларға тәжірибелік құндылығы, эстетикалық көрінісі, халықтың ұстанымдары жатады. Сонымен қатар, қазақтардың географиялық орналасуы да кимешектердің қалыптасқан даярлығына өз әресін тигізген. Олардың кесте тігістері, қолданылған материалдары, жалпыға берлігі жасау қағидалары ауыздан-ауызға таралып игерілген. Әрине олардың барлығы бір-біріне дәлме дәл ұқсамаған. Сонда да біз оларды саралай бірнеше топқа бөле аламыз. Нақты осы мақалада өз ішінен бір топқа жататын Ұлы жүз әйелдерінің бас киімі кимешектің үлгілері мысалға алынбақ.



Кимешек қазақтардың ұлттық киімінің ажырамас бөлігі болып табылады. Кимешек – бастың үстінен оралып, иектің астына бекітілген үлкен бүктемелері бар орамал. Оған маталардан сапасы жоғары жібек, барқыт және алтын жіп қолданылған.

Бұл ұлттық бас киім стиль мен сұлулықтың элементі ғана емес, сонымен қатар мәдениет бірегейлігінің маңызды символы болып табылады. Ол қазақ халқының мұрасы мен тарихын жеткізеді, сондай-ақ оның байлығы мен ғасырлар бойына жалғасқан дәстүрін баяндайды.

Кимешек кию – қазіргі таңда әйелдің өз халқына деген құрметінің, мақтанышының көрінісі және этно-мәдени сәйкестендіру белгісі. Ал кимешектің өзі қазақ мәдениетін сақтауға және нығайтуға ықпал ететін жеке және сонымен бірге біріктіруші элемент болып табылады. Ол әйелдердің жас ерекшеліктерін, қоғамдағы алатын орны мен отбасы жағдайын көрсетеді.

Берілген бас киім қазақ мәдениетіне енген сакральді дәрежесі есебінен өзінің бірегей орын алып тұр. Кимешекті қоғамда қалыптасқан көз-қарастар бойынша тазалық пен берекеліктің символы ретінде бөлек қарастырады. Қазіргі күнде кимешек күнделікті өмірде киіле қоймайды, біз оларды тек салтанатты іс-шараларда, үйлену тойларда және ұлттық мерекелерде кездестіре аламыз. Бұл дәстүрді сақтауға және қазақтардың ұлттық ерекшелігін көрсетуге мүмкіндік береді.

«Қазақ әйелдеріне тән өзіндік ерекше киім – кимешекті ақ мата, кейде жібек матадан тігіп, жиегін көмкеріп, сан алуан түрмен әшекейлеп дайындайды. Кимешек-шылауышты жас келіншектер, орта жастағы әйелдер, кемпірлер киеді. Салт бойынша кимешекті келіншек балалы болғаннан кейін киеді»[2, 88]. Яғни кимешек тек бас киім ғана емес, ол бойжеткеннің ана аталып, өмірінің жаңа кезеңіне өту фазасын белгілейтін символикалық нысан болып табылады.

Кимешек сыртқы тұрғыдан толығымен ақ түсті матадан тұрады. Оның алдыңғы жағы артқы жағына қарағанда қысқа, бет жерінде сопақша кесілген орын бар. Көбіне кимешектерде сол кесілген орын бойымен кесте тігіліп, әшекейленеді. Кестенің түстері қызыл, қызғылт, қызғылт-сары, ақ түсте болады. Кестенің өзі жас ерекшеліктері бойынша өзгеріске ұшырайды. Әйел бала тауып, кимешек кигеннен бастап, кестесі қызыл түсті болады. Бірақ көбінесе оның үстіндегі әшекейлер саны аз. Ал уақыт өте келе, әшекейлер саны көбейіп, кесте кимешек түстес ақ болып өзгереді. Жалпы әйелдің киім-кешектері уақыт өте келе қарапайымданады. Бұл әйел адамның өмірі соңына жақындап келумен түсіндіріледі. Оның кестесінің ақ болып өзгеруіне қасындағы жолдасының өмірден озу фактісі де әсер етеді[3]. Сондықтан кейде, ақ кестелі кимешек жесірліктің белгісі ретінде кездеседі.

Біздің қарастырып жатқан кимешектеріміздің барлығы ХХ ғасырдың басындағы қолданылған үлгілер болмақ. Қазақтар өмір сүрген жерлердің бәрінде кимешектердің үлгілері аймақ-аралық сипатта болған. Яғни, әр өңірдің өз ерекшеліктері, қағидалары мен ұстанымдары болған. Біз оларды аймақтық-рулық ерекшеліктерге бөле отыра, аталмыш мақалада бір бағытты нақтылап зерттейтін боламыз. Алдымызда осы уақытта кимешектердің шынайы бейнесін жаңғыртып, насихаттап жүрген Сұлтан Тілек атты азаматтың жеке коллекциясынан алынған Оңтүстік өңірге тән, көбінесе осы аймақта қоныс тепкен Ұлы жүздің албан, дулат және шапырашты руларының кимешек үлгілері зерттелінбек.

Албан руының кимешегі ақ ұзын матадан тігілген. Бет бөлігінде трапеция формада айнала бірнеше қатар моншақтар мен кесте қатарлары тізілген. Бірінші қатары толығымен тізбекке алынған қара түсті моншақтардың жұқа жолағынан тұрады. Оған өсімдік тектес оюлармен кестеленген өте тығыз екінші жолақ орналасқан. Ол барлық жолақтардың арасындағы оюын келтіріп, ішін толтыруымен уақытты көп талап еткен жұмыс болуы әбден мүмкін. Сонымен қатар, бұл жерде қоңыр-жасыл, қызғылт-сары түсті жіптер қолданылған. Алдыңғы жолақта қара моншақтар саны көбейіп, келесі қатарды тізген. Кимешектің шеті мен иық деңгейінде айнала тігілген қызыл жіпті кесте беттің айналасында да тігілген. Жалпы қызыл түс кимешектерде кестелеу кезінде көп қолданылған. Қызыл түстің мағынасы қазақтар үшін өмір, байлық және күш ұғымдарымен байланысады [4, 29]. Сондықтан, бұның



Сурет 1. Албан руының кимешегі

барлығының бетін қарату мақсатында символикалық сыры бар қызыл түсті кесте қолданылған. Біз оны басқа кимешектерде де кездестіреміз. Ал соңғы жолақты бірінен соң бірі ауысып, қызғылт-сары, кара моншақтар құрайды. Одан кейін алдында айтылып келген өсімдік текті оюлар қызыл кестемен 3 жерде тігіліп, кимешектің композициясын аяқтайды.

Кимешектің көркемдік кестесіндегі осындай қызыл, қызғылт-сары түстердің көптеп қолданылуы оның орта жастағы әйелдің бас киімі екендігін көрсетеді. Сондықтан біз оның иесі болған адамның қай жас аралығында кигендігін шамамен айта аламыз. Албан руының кимешегі бірегей стандартқа қарай жасалып, өзінің негізгі функцияларын орындайды. Ол дегеніміз шашты толық кимешектің астына жинап, кеуде жақтарды жауып тұрады. Жалпы бұл кимешекті әшекейлеу әдістеріне өте мол үлгі болып табылады.



Сурет 2. Дулат руының кимешегі

күміс пластиналардан тұрады. Көріп жатқанымыздай, келесі жолақты тек қана қызыл кесте құрайды. Ал соңғы қатар албан руының кимешегіндей екі түсті моншақтардан жұқа жолақ болып тізіледі. Бұл жерде алдыңғы кимешектің технологиясына ұқсас белгілі бір ережелер айқындалады. Яғни үлгі бойынша, беттен бастап санасак: бірінші – жалпақ, түстерге қанық күрделі кесте, екінші – бір немесе бірнеше түстерді араластыра моншақты жұқа тізбек, үшінші – қарапайым қызыл түсті сызықты кесте, төртінші – екі түсті жұқа моншақты тізбек аяқтайды. Соған қоса, кимешектің



Сурет 3. Шапырашты руының кимешегі

алдымыздағы кимешек негізінде, толыққанды XIX-XX ғ. қазақ әйелінің бас киімі көрінісін беріп тұр. Кимешек өз алдынан бөлек бас киім болғанмен, оның серігі әрдайым басты айнала оралған күндік (немесе жаулық) болған. Ол тұрмысқа қажет ақ ұзын мата болған. Жалпы қазіргі уақытқа дейін оның практикалық құндылығы кісі қайтқанда немесе бала туғанда оларды орайтындығымен түсіндіріледі. Бұл жайында нақты деректер жазылмағанмен ауыздан-ауызға тарап жатқан мәлімет көптеп кездеседі.

Кимешек алдыңғы бірінші үлгіге жалпы сәйкес келеді. Бірақ бірқатар ерекшеліктерге ие. Бетке арналған орында дәл сондай трапециялы тіктөртбұрыш кестеленген. Алдыңғы кимешек өсімдікті оюмен оюланған болса, бұл кимешек өзінің геометриялық фигураларымен көзге түседі. Бірінші қатарды тек қана геометриялы оюлар құрайды. Олардың түстерінде қызыл, қызғылт, көк реңктер қолданылған. Соның арқасында, бірінші қатар өте қанық көрінеді. Екінші қатар толығымен қызғылт-сары, ақ моншақтар және безендіру үшін жасалған күміс пластиналардан тұрады. Көріп жатқанымыздай, келесі жолақты тек қана қызыл кесте құрайды. Ал соңғы қатар албан руының кимешегіндей екі түсті моншақтардан жұқа жолақ болып тізіледі. Бұл жерде алдыңғы кимешектің технологиясына ұқсас белгілі бір ережелер айқындалады. Яғни үлгі бойынша, беттен бастап санасак: бірінші – жалпақ, түстерге қанық күрделі кесте, екінші – бір немесе бірнеше түстерді араластыра моншақты жұқа тізбек, үшінші – қарапайым қызыл түсті сызықты кесте, төртінші – екі түсті жұқа моншақты тізбек аяқтайды. Соған қоса, кимешектің астына түсу бойымен жұқа қызыл жіппен бірнеше кесте тігісі бар. Бұл кішігірім ереже олардың бір топқа жататындығын көрсетеді. Дулат руының кимешегінің басты ерекшелігі оның үш жерден зергерлік бұйымдарды суреттеп, көшіріп кимешекке кестелеп түсіруінде болып табылады. Бұл оңтүстікте көп таралған тәжірибе болып саналады. Соның арқасында, кимешек өте әдемі және әсерлі болып көрінеді. Кимешектің композициялық құрылысын шетіндегі қызыл түсті қазақ оюлары аяқтайды.

Өзінің орындалу технологиясы жағынан албан руының кимешегіне жақын болғанмен, дулат руының кимешегі өзінің айрықша стилін көрсетіп отыр. Ол әшекейлеу әдістеріне жаңашылдықтар қосып, бізге ерекше үлгі көрсетіп отыр. Кестелері өте тиянақты салынып, оюлардың элементтері асқан шеберлікпен орындалған.

Ең бірінші көзге түсетін аспект, бұл үлгі албан және дулат руына қарағанда қарапайымдырақ көрінеді. Ереже бойынша беттен бірінші болып күрделі түстерге мол кесте тігілген.



Оның формасы өзімізге таныс трапециялы тіктөртбұрышты құрайды. Кесте қызыл, қызғылт, қоңыр түстерден құралған. Бұл жерде шебердің жұмысында күмән жоқ. Бірақ ол тек жіпті кестелеумен әшекейлеуді тоқтатқан. Бұған бірнеше себептер болуы мүмкін. Шындығымен қалай болғанын білмегендіктен, біз оның жеке көзқарастың таңдауы, киген әйелдің баланы жаңа туғандығы немесе отбасы жағдайының төмен болғандығын болжай аламыз. Өзіміз білетіндей, отбасының жағдайы кимешек және жалпы киімдердің әшекейленуіне қатты әсер еткен[4]. Әрине егде жастағы әйелдің кимешегі өте қарапайым болып жасалған. Бұл кимешекті де солардың қатарына қосуға болатын еді, бірақ өзіміз білетіндей егде жастағы әйелдер кесте ретінде ақ жіпті тіккен. Сондықтан бұл кимешекті келін атанып, бала туған әйел киген деп айтсақ болады.

Жалпы айтқанда бұл үлгі жаңа ана болып аталған әйелдің кимешегі болуы әбден мүмкін. Бас киім белгілі бір жасалу заңдылықтарына бағынады. Оның дизайнында алдыңғы үлгілермен салыстыра бірқатар айырмашылықтары бар. Бірақ біз оның кимешектердің жалпы образынан қатты ауытқымағанын байқаймыз. Оның бірінші беткі кестесі өте күрделі орындалған, бірақ көмекші кішігірім кестелер өте жалпыланған, қарапайым сызықтарды құрайды. Сонда да ол өз әсемдігі мен түстердің қанықтығын жоғалтпаған үлгі болып табылады.

Кимешектердің барлығы асқан ұқыптылық пен детальдарға назар аударып отырып орындалған. Олардың ұқсастығынан бұрын, әрқайсысының бір-біріне толығымен ұқсамайтындығын, тіккен шебердің әрдайым өзінің талаптарына сай кимешекті жасағандығын айтқан жөн. Себебі, бұл кимешектерді әйелдер өздері үшін тіккен. Ата-аналарынан жинаған ақпараттарға сүйене отырып, өзінен қосып, ешқайсысына ұқсамаған бас киімдерін жасаған. Сондықтан біз әр кимешекті өзі ішінен ерекше туынды ретінде санай аламыз.

Үш бас киім шамамен бір өлшемде тігіліп, ақ матадан жасалған. Ою қазақ халқының белгілі бір мәдени тілі болғандықтан, кимешектің бетінде әрине өз орынын тапқан. Ол көбіне бір түсті кестемен салынып, көмекші рөлді атқарған. Кестелерде қызыл түс барлық кимешектерде қолданылған. Алдында айтылып кеткендей, бұнда қызыл түстің наным-сенімдерге негізделген мағынасы жатыр. Жалпы зерттеу барысында, біз албан, дулат және шапырашты руынан табылған кимешек үлгілерінің барлығы жас немесе орта жастағы әйелдердің кимешегі екендігін болжай аламыз.

Қорытындылай келе, біз олардың өзінің бірегей тігілу технологиясы бар екендігін байқадық. Бұл тұрақты ереже белгілі бір заңдылықтарға бағынады. Сондықтан біз оны Оңтүстік өңірінің ішіндегі Ұлы жүз әйелдерінің кимешек үлгілеріне қолданылған деп айта аламыз.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атаулардың дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. – Алматы: РПҚ «СЛОН», 2012. – (иллюстрацияланған). 3 том: К – Қ – 736 бет.
2. Тохтабаева Ш.Ж. Шедевры Великой степи: [Монография], – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 240с. + 138 с вкл.
3. Стасевич И.В. Социальный статус женщины у казахов: традиции и современность. – СПб.: Наука, 2011. – 202 с.; ил.
4. Шедевры великой степи: [Монография]. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 240 с. + 138 с. вкл.

«МУЗЕЙНЫЙ МАРКЕТИНГ В РАБОТЕ ПАВЛОДАРСКОГО ОБЛАСТНОГО ИСТОРИКО-КРАЕВЕДЧЕСКОГО МУЗЕЯ ИМ. Г.Н. ПОТАНИНА»

БЕКТУРГАНОВА Н.В.

Руководитель отдела экскурсионного-массового отдела, г. Павлодар

Музеи становятся интерпретаторами и хранителями ресурсов, которые, приходя из прошлого, часто помогают людям найти вдохновение в настоящем, вселяют уверенность в будущее. Учитывая традиции, музеи адаптируются к требованиям XXI столетия. Новые факторы начинают определять условия деятельности музеев. Музеям необходимо пережить те кардинальные перемены, которые произошли в сфере культуры в целом, научиться проявлять предприимчивость и самостоятельность в добывании дополнительных средств к государственному финансированию. Чтобы избежать финансовых неудач, эффективно конкурировать на рынке досуга, привлекать внимание туристов, создавать дополнительные возможности для образования, музеям необходимо использовать технологии деловой активности. Новая стратегия выживания принесла в традиционный музейный язык новые понятия: менеджмент и маркетинг, которые способствуют организации современного музейного дела и управлению музейной деятельностью, что относится к прикладному музееведению.

Музейный маркетинг помогает переосмыслить роль музея, повысить эффективность его работы и удовлетворить потребности учреждения, не жертвуя при этом его философией, миссией и целями.

Актуальность поставленной проблемы определяется:

- объективной потребностью утверждения в новых рыночных условиях новой социально-культурной роли современного музея;
- недостаточностью изученности специфики музейного маркетинга, призванного укрепить традиционные формы управления музеем;
- сложностью построения взаимосвязей внутренней и внешней среды музея, влияющих на продвижение его услуг и повышения культуры потребителя;
- отсутствием оценки внутренних ресурсов музея с учетом восприятия его потребителем.

Исходя из этого, главными задачами музейного маркетинга являются:

- анализ потребностей посетителей, прогноз их состава, в том числе с учетом сезона;
- сохранение и расширение музейной аудитории, а также ведение деятельности по созданию лояльного посетителя;
- содействие увеличению посещаемости музея;
- воспитание интереса к музею (оно должно начинаться с широких программ для детей, а также включает воспитание взрослой аудитории посредством программ для группового посещения);
- обеспечение комфорта посетителей (каждый, кто посетит музей, должен остаться довольным во всех отношениях);
- определение перспективных услуг, которые может предложить музей;
- поиск возможностей получения музеем прибыли;
- широкое распространение информации о музее, формирование позитивной оценки и создание положительного имиджа музея.

В отличие от маркетинга в коммерческих учреждениях, музейный привлекает ресурсы в двух формах:

- прямой (за счет продажи потребителям своих товаров и услуг);
- опосредованной (за счет привлечения внешних ресурсов: бюджетных средств, грантов, спонсорской поддержки, частных пожертвований).

Обе формы некоммерческого маркетинга тесно взаимосвязаны: чем выше социальная значимость музея и общественная привлекательность его программ и проектов, тем больше у него возможностей получать средства из внешних источников.

Процесс маркетингового управления музейной деятельностью включает в себя следующие основные этапы:



- определение стратегических и тактических задач маркетингового управления в музее;
- создание общей системы сбора и анализа маркетинговой информации о культурных потребностях и платежеспособном спросе населения и учреждениях культуры на региональном уровне;
- проведение маркетингового мониторинга спроса и предложения на рынке культуры;
- проектирование содержания социального заказа на услуги музея и культурный «продукт»;
- формирование благоприятного общественного мнения о деятельности музея;
- разработка эффективной маркетинговой стратегии управления деятельностью музея.

Маркетинговая деятельность в музейной сфере имеет свою специфику, которая обладает следующими характеристиками: музеи изначально не ориентированы на получение прибыли, музейный посетитель получает в обмен на денежные средства не материальные блага и услуги, а эстетическое и духовное удовольствие, удовлетворение потребностей в образовании и культурном досуге.

Поскольку музеи получают бюджетную финансовую поддержку, цены на их услуги, как правило, регулируются государством и не могут изменяться в широком диапазоне в зависимости от спроса.

Большинство музеев привязано к месту, поэтому музейная услуга не доставляется посетителю, а наоборот, посетитель должен прийти в музей. «Перемещаться» в пространстве (передвижные выставки и пр.) может только небольшая часть культурного предложения. Таким образом, promotion (продвижение) становится единственным и ключевым инструментом маркетинга для музеев.

Музеи как часть социокультурной сферы используют некоммерческий, или социальный маркетинг.

Термин «социальный маркетинг» появился в 1970-е гг. Смысл его заключается в разработке, реализации и контроле социальных программ, направленных на повышение уровня восприятия определенными слоями общественности неких социальных идей, движений или практических действий. Обычно социальный маркетинг используется государственными и общественными организациями.

С одной стороны, социальный маркетинг вбирает в себя достижения маркетинговых концепций и технологий бизнес сектора, с другой – адаптируются и динамично развиваются собственные подходы и стратегии, опирающиеся на специфику некоммерческих организаций.

Все мероприятия маркетинговых программ формируются в зависимости от маркетинговой стратегии. Музейный маркетинг включает в себя два стратегических направления:

- презентацию и продвижение музея и его деятельности;
- презентацию и продвижение конкретных музейных услуг.

Стратегия маркетинговой деятельности связана с получением музеем прибыли, которая определяется спросом на его продукцию.

Одним из действенных средств формирования и стимулирования спроса на «товар музея» является реклама.

Реклама играет важную роль в музее, так как она выступает не только в качестве непосредственного стимула посещения и покупки музейной продукции, но и как средство суммирования и оформления впечатлений.

Долговременный эффект музейной рекламы, способствующей формированию имиджа музея, является не менее (если не более) важным, чем ее сиюминутный эффект.

Рекламная деятельность музея многогранна и многофункциональна. Она выполняет социальную функцию, так как с ее помощью прививаются разумные потребности через передачу информации, несущую сведения о музее.

Формируя определенные мнения, взгляды, убеждения, настроения, которые затем реализуются в форме материальных и духовных благ, реклама выполняет пропагандистско-воспитательную функцию. Она способствует своевременной и ритмичной реализации товаров, идей и услуг, регулирует спрос и предложение, то есть выполняет экономическую функцию. Кроме того, реклама несет в себе и эстетическую информацию – она является одним из факторов воспитания эстетических потребностей личности. Реклама функционирует и как часть массовой коммуникации, занимая особое место в потоках социальной информации. Музей использует и разные рекламно-



сители с информацией о работе музея, и любой музейный продукт (каталог, сувенир, видеофильм, целлофановый пакет, в который они упакованы).

Кроме того, в качестве рекламы музеи широко используют интервью с сотрудниками и директорами музеев, статьи в газетах и журналах, репортажи о жизни музеев, циклы передач по телевидению, специально посвященных музейной тематике (например, видеоролики «Интервью в музее» на YouTube канале музея).

Чтобы выработать маркетинговую стратегию музея, надо определить его цели и аудиторию, а затем найти правильный баланс продукта, цены, рекламы и места. Все это требует большой и напряженной работы, но в нынешней экономической ситуации это не роскошь, не академическое упражнение, а залог выживания и успеха. Стремясь к большей экономической эффективности, музей освобождается от рутины и стереотипов, становится более мобильным, открытым и полезным для общества учреждением.

Литература:

1. Менеджмент музеев: учеб.-метод. пособие / Т.Б. Михайлова; М-во науки и высш. образования Рос. Федерации, Урал. федер. ун-т. - Екатеринбург: Изд-во Урал. ун-та, 2019.- 88 с.
2. Абанкина Т.В. Социальный маркетинг в «цивилизации досуга» / Т. В. Абанкина // Музеи. Маркетинг. Менеджмент. – 2009. – № 1. – С. 31–42.
3. Божук С.Г. Маркетинговая деятельность музеев / С.Г. Божук. – Спб.: Нева, 2005. – 340 с.

«ЕЛІМІЗДЕ МУЗЕЙЛЕРДІҢ ТУРИЗМ САЛАСЫНДАҒЫ АЛАТЫН ОРНЫ»

ИМАНҚҰЛ Г.Ж.

*Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар Педагогикалық Университеті
география-тарих мамандығының 2 курс студенті, Павлодар қ.*

Ғылыми жетекші: Эксперт-оқытушы Елемесов Ә.Қ.

Музейлік туризм - туризм түрлерінің бірі, мұның басты сипаты музейлер мен оның территориясына жататын туристік потенциалды қолдану. Музейлер мен туризмнің одақтастығы, тарихи-мәдени және табиғи территориялар жүйесінің қалыптасуына негізделеді. Әсіресе тарихи-өлкетану немесе табиғи-жаратылыстану бағытындағы музейлерде аймақтың мәдени-танымдық, туристік-рекреациялық объектілері жөнінде жинақталған мәліметтерді музейлерден байқауымызға болады.

Музейлік туризм - туризм түрлерінің бірі, мұның басты сипаты музейлер мен оның территориясына жататын туристік потенциалды қолдану. Музейлер мен туризмнің одақтастығы, тарихи-мәдени және табиғи территориялар жүйесінің қалыптасуына негізделеді. Әсіресе тарихи-өлкетану немесе табиғи-жаратылыстану бағытындағы музейлерде аймақтың мәдени-танымдық, туристік-рекреациялық объектілері жөнінде жинақталған мәліметтерді музейлерден байқауымызға болады.

Атаулы бағыт елімізде салыстырмалы түрде жақында пайда болған. 1990 жылдардың ортасында музейлер, өзге мәдени мекемелерге ұқсас өзін-өзі дамытудың жаңа жолдарын іздеу, қаражат тартудың жаңа бюджеттен тыс көздерін іздеу жағдайына, сонымен қатар туристік қызметке қатысу арқылы дамып отыр. Ертеде музейлердің басты мақсаты құнды жәдігерлер мен оларды сақтау жолдары болса, қазіргі нарықтық заманда сонымен қатар басты мақсат келушілер қатарын көбейту болып отыр.

Музейлік туризмді дамытушылардың алдында бірқатар маңызды міндеттер бар: музейдің туристік сипатын анықтау және музейлерге тұрақты туристік ағымды қалыптастыру. Музейлер ішінде немесе аймақтық музейлер арасында туристік бағдарламалар мен маршруттар құру, жарнамалық өнім пакеттерін қалыптастыру, жаңа қаржыландыру көздерін іздеу т.б.

Музейлік туризмнің зерттеу бағыты музейлердің құрылымы және басқару ерекшеліктеріне назар аудару (институционалды зерттеу), музейлік өнімнің өткізу нарығы (интеллектуалды, ақпараттық, полиграфиялық, сувенир, кітаптық және т.б.) бұл бағытта да музейлік туризм өзге менеджмент және маркетинг секілді пәндерге сүйенеді.



Музейлердің ерекшелігі сол, бұл бір уақытта мемлекеттің – екі бірдей жүйесіне қосыла отырып, оның бірі ұлттық құндылықтарымызды насихаттауға бағытталса, екіншіден нарық жағдайында өз өнімдері мен қызметтерін ұсынуға жатыр. Мұндай жағдайда бірқатар қарама-қайшылықтар туындауы мүмкін, мемлекеттік мекеме ретінде музейлер «жоғарыдан-төмен қарай» басқарылатын болса, екінші жағдайда музейлер тұтынушының сұранысын қанағаттандыратындай бағытта дамуы тиіс. Осындай қарама-қайшылықтарды шешу бүгінгі музейлік туризмнің басты міндеттерінің бірі болып табылады [1].

Соңғы 15 жылда астам уақытта музейлік туризм мәселелері Ресей аумағында музейлермен ұйымдастырылған дөңгелек үстел, семинар, тренингтер арасында және музейтанушылық зерттеулерде, практикалық бағытта белсенді қолға алынып жүр. Музейлік туризмді дамыту, музейлердің бюджеттен тыс өз-өзін қаржыландырудың, материалдық-техникалық базаны арттырудың бірден-бір бағыты болуы тиіс [2].

XX ғ. аяғы мен XXI ғ. басында жаһандық жағдайда жаппай көңіл көтеру, сауығу секілді туризм түрлерінен басқа, қазіргі таңда туристердің талғамы жоғарлап, барған сайын туристік өлкеде халықтардың ұлттық, мәдени ерекшеліктері, этнография, тарихымен танысуға қызығушылықтар жоғарлап келеді. Мұнда «үш S» (Sea-Sun-Sand) теңіз-күн-жағажай формуласы орнына, жаңа формула «үш L» дәстүр-пейзаж-көңіл көтеру (Lore-Landscape-Leisure) алмасып келеді [3].

Музейлік туризм - ішкі нарық жағдайына бейімделген және ұтқырлық танытатын, музейдің қоршаған ортаға ашық ерекше саясатын ұстанатын, анықталған стратегиялары және мақсатты іс-әрекеттерін көрсете білетін орталыққа айналуы тиіс. Музейлік жұмыстар ішінде туризм бұл қосымша емес, құрылым түзуші іс-әрекет болып табылады. Музейлердің қазіргі стратегиялық мақсаттарының бірі, өзіндік туристік орталық қызметімен қатар, жан-жақты трансформацияланған іс-әрекеттерімен көріне білуі тиіс.

Музейлердің ұйымдастырушылық және психологиялық тұрғыдан басты негізгі мәселелердің бірі, әлеуметтік қызмет көрсетуші даму моделінен, бұдан кейінгі уақытта нарықтық-сервистік даму моделімен жұмыс жасай алатындай, музей концепцияларын өзгерту болып табылады.

Туристік саяхаттар кезінде музейлерге топтық саяхаттар көп жағдайда алдын-ала жоспарланып, турагенттермен автономды түрде немесе музейлермен келісім-шарттар арқылы жүргізілуі тиіс. Музейаралық туристік маршруттар мен бағдарламалардың қалыптасуына мемлекеттік қызметкерлер мен музей қызметкерлері арасында байланыс бола бермейді. Музейлердің білім беру бағдарламалары қатарында басты әріптестері елімізде оқу орта және жоғары білім беру орындары, профильдік министрлік немесе департамент, мектепке дейінгі мекемелер, балалар қайырымдылық қоры, әртүрлі клубтар, үйірмелер т.б. Осындай ұйымдар әрдайым музейге барушылар қатарын көбейтіп отыруға көңіл бөліп отырады.

Музейлік туризм елімізде мемлекет және қоғамдық бірлестіктер, жеке кәсіпкерлер тарапынан қолдау көрсететін болса, туризм мен музейлер арасындағы жаңа бетбұрыстың келешегі бар үлкен үміт арттыратын бағыт болатынына сенуімізге мүмкіндік бар. Бұл бағытта елімізде 2014 жылдан бері жаңа талпыныстар жасалып жатқандығын атап өтуіміз қажет.

Қазақстан аумағы өзінің геосаяси орналасуы жағынан ғасырлардан бері, көптеген мәдениеттер, халықтар мен дәстүрлердің тоғысу аймағы бола отырып, өзінің тарихи-мәдени және туристік әлеуетінің жоғары болуымен ерекшеленді. 1991 жылы мемлекеттің тәуелсіздік алуы Қазақстандағы музей ісіне де үлкен импульс берген, осы сәттен бастап Қазақстандық музейлердің дербес дамуына жол ашылды. Музей ісінің ең үздік дәстүрлері жаңғырып, ғылыми-зерттеушілік ізденістер өзектілене түсті, ұлттық сипат басымдық алды, жаңа типтегі музейлер пайда болды. Сонымен бірге халықаралық кәсіптік байланыстар кеңейіп, халықаралық музейлік қауымдастықпен дербес ұйым ретінде тікелей қарым-қатынас жасауға мүмкіндік туды [4].


Соңғы 30 жыл ішінде болған әлеуметтік-экономикалық реформалар жағдайында да, музейлерге мемлекетіміз өз қол ұшын беріп отырды (Мәдени мұра, «Рухани жаңғыру», «Сақралды Қазақстан» ғылыми-зерттеу бағдарламалары т.б.). Жақын және алыс шетелдердегі кітапханалар мен музейлер, мұрағаттарға жүргізілген мақсатты түрде ғылыми зерттеу экспедициялармен іс-сапарлар нәтижесінде музей қорлары жаңа құжаттық материалдармен, сирек артефактілермен толығып келеді. Соңғы жылдардағы экономикалық дағдарыс салдары, музейлерге қаржылық жағынан



көмек көрсетуге қол байлау болатындығы түсінікті жағдай. Сондықтан музейлеріміз ТМД елдері, шетелдердің музей және туризмсаласының арасында қандай біріккен шаралар атқаруына болатын жолдарды іздестіру қажет.

2022 жылы Қазақстан музейлерінде 6 млн. астам барды. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 1 миллионға артық. Ең көп қонақтарды Түркістан облысында қарсы алған – 1 492 000 адам. Астана мекемесінің рейтингінде екінші орында – 643 мың адам. 564 мың адамды қабылдаған Шығыс Қазақстан облысының музейлері үштікті жабады. Ең аз келушілер Шымкент музейлерінде орын алған – 43 мың. Сондай-ақ, ҚР музей қорының мемлекеттік каталогы жұмыс істейді, оған қазіргі уақытта 114 мемлекеттік музейден 130 мыңнан астам экспонат кіреді. Ұлттық мәдени мұра нысандарының қатарына 61 музей қорынан 5000-ға жуық жәдігерлер кіреді [5].

Қазақстанда 2023 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 271 музей жұмыс істейді. Бір жыл бұрын олардың саны жеті бірлікке аз болды. Саны бойынша көшбасшы Түркістан облысы – 27 музей. Ақтөбе облысында 20, Алматы мен БҚО-да 19 музей жұмыс істейді. 271 музейдің 48-і – Тарихи, 109-ы-өлкетану, 65-і-мемориалдық, тағы 14-і-қорық музейдің, 11-і-өнертану және басқалары. Төрт музей жеке, қалғандары мемлекеттік меншікте. Қазақстан музейлерінде барлығы 2,6 миллион экспонат сақталған (1 сурет қараңыз) [6]. Қорық музейлер территориясында 1558 мәдениет пен тарих (барлық ескерткіштердің 13%), олардың ішінде 2 объекті Дүниежүзілік мәдени мұра ұйымы ЮНЕСКО-ның тізіміне енгізілген. 56 объекті (25%) - республикалық маңызы бар тізімге, 1500 объекті (13%) - жергілікті маңызы бар тізімге енгізілген. Мәдениет және спорт министрлігінің мәліметінше, 9 музей қорықтарында «Есік», «Ежелгі Тараз», «Берел» тарихи-мәдени қорық-мұражайлары аумағында бой көтерген сапар орталықтары заманталабына сай оқу, көрме залдарымен және жәдігерлерге арналған павильондармен жасақталғанын жеткізеді. Сонымен қатар «Таңбалы» тарихи-мәдени мемлекеттік қорық-мұражайы, «Әзірет Сұлтан» және «Отырар» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайларында да жүзеге асыру жоспарланып отырғандығы вице-министр Фахмедьяровпен жеткізілген [7].



1-сурет. Елімізде музейлердің облыстар бойынша саны [8]

1990 жылдары елімізде музейлерге жалпы саны жылына 2 млн. жуық адамдар баратын болған. Бұл жағдай театр, кино, концертке барушылар санынан анағұрлым жоғары екендігін байқатты. Десек те, елімізде музей ісінің мамандарын дайындайтын білім ордалары жоқтың қасы (Ә. Фараби ат. ҚазМУ, тарих факультетін айтпағанда) [9]. Ал Ресейде музей ісінен басқа, С. Петербург қаласында



С. Петербургуниверситетінің Философия институтында 2009 жылдан бері мәдениетжәне музейлік туризм жеке бакалавриат мамандығы бағдарламасыбойынша жаңа мамандық түрлерін қолға алынып, оқытылып жатыр[10].

Музей саласы бүгінгі таңда өзіндік дағдарыстарды басынанкешіріп жатқаны белгілі. Қазіргі жастардың көпшілігі музейлергебаруға құлық таныта бермейді. Мұның басты себебі жастар арасындамәдени өмірге үгіт-насихаттың аздығын байқатады. Сонымен қатаржарнаманың аздығы. Көпшілік жастардың елімізде немесе облысорталығында қандай жетекші музейлер бар екіндігін бірі білсе, бірібіле бермейді. Белсенді үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу қажет.Шетелдерде турөнімнің жарнамасымен тек турфирмалар ғана емес,сонымен қатар, федералды және жергілікті құрылымдар, қонақ үйлер,театрлар, музейлер, тематикалық парктер, мейрамханалар жәнебасқалар айналысады.

Елімізде мемлекет тарапынан 2014 жылы бой Ұлттық музейдіңбазасында Музейлердің ұлттық кеңесі құрылып, Қазақстандағытуристік бағдарлар мен музейлердің атласы әзірленген болатын,Сонымен қатар шетелдік музей қорықтарының әдістемесі негізіндетуристерге арналған визит-орталықтар ашылу көзделуде, өз кезегіндекелешекте ел ішінде және сырттан келетін саяхаттаушылар үшінтуристік ағымды арттыруға мүмкіндік тудырады. Бұл жерде ұлттықкеңестің негізгі міндеті қосымша музей қорларын іздеумен жәнежинаумен айналысады [11].

Еліміздегі музейлердің дамуы, келушілерге беретін білім,тәрбиелік, ағарту бағытындағы жұмыстары ерекше. Қазақстанмузейлері әлемдік музейлер тәжірибесінен өткен, жалпыға тән музейқызметінің негізін басшылыққа алып жұмыс жүргізуде.

Атаулымақаламызда елімізде музейлік туризмді дамытумүмкіншіліктерін арттыруға тек қана талпыныстар жасалды. Әрине,алдағы уақытта музейлік туризмнің негізгі аудандарын анықтау, негізгібағыттарын айқындау, музейлік туризмге қатысты проблемалардыжан-жақты іздестіру секілді т.б. шешімін табатын мәселелер жеткілікті.Дегенмен музейлік туризмді дамытуға бірқатар басты міндеттерімізді атап көрсетуімізге болады:

1. Шетелдер мен ТМД аумағында музейлік туризмді дамытудың тиімді жолдарын іздестіру.
2. Музейлерімізді модернизациялау және ақпараттық цифрлытехнологиялар жүйесіне енгізу.
3. Музейлік туризмдегі басты басты бағыттардың бірі музейлер арасындағы әріптестік кіру және ішкі туризм жүйелерін дамыту болып табылады.
4. Музейлер мен туризмкөңіл бөлу.салаларының бірігіп жұмыс жасауына көңіл бөлу.

Әдебиет:

1. Романчук А.В. Музейный туризм: учебно-методическое пособие. – Санкт-Петербург, 2010. - 46 с.
2. Музей и турист: управление процессом межкультурной коммуникации. Соавтор: Шляхтина Л.М. Опубликовано: Менеджмент. Наука. Образование. Культура: Сб. науч. тр. / Санкт-Петербургский гос. Ун-т культуры и искусств. - СПб: СПбГУКИ, 2003 - 312. (Труды. Т. 155). - С. 194-208 .
3. Ляшко А.В. Музейный туризм в России. Эволюция формата // Вестник Санкт-Петербургского университета. Серия 6. Вып. 3. - СПб.: Изд. Санкт-Петербургского университета, 2012. - С. 21-27.
4. Е.Б. Саиров мәдени саясат және қазақстан мұражайларының өзекті мәселелері. Вестник ПГУ, 2010. - №2
5. https://www.inform.kz/ru/6-1-mln-raz-kazahstancy-posetili-muzei-zagod_a4068782
6. <https://www.zakon.kz/kultura-shoubiz/6394011-kazakhstansy-posetili-muzei-61-mln-raz-v-proshlom>
7. https://inews.kz/index.php/news/2014/11/12/7805023kazahstanskije_muzei_stanut_sovremennymi_h
8. М.З. Мусаханова Проблема музейного строительства в Казахстане в современном этапе (1991-2001) / Доклады Национальной академии наук Республики Казахстан, 2006. - №3
9. <http://www.referun.com/n/kulturno-obrazovatel'naya-deyatelnost-muzeev-kazahstana-v-period-nezavisimosti#ixzz3qxURT1Rj>
10. <http://www.myshared.ru/slide/907006>
11. http://aikyn.kz/ru/news/show/14781-muzeiler_atlasy_z_rlened_

«АШЫҚ АСПАН АСТЫНДАҒЫ МҰРАЖАЙДЫҢ ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ»

БЕЙСЕНБИ Т.А.

Торайғыров университеті, студент, Павлодар қ.

РАХИМОВ М.И.

*Торайғыров университеті, PhD, қауымдастырылған профессор
Қазақстан тарихы кафедрасының постдокторанты, Павлодар қ.*

Мұражайдың адамзат тарихындағы алатын орны ерекше екені белгілі. Қазіргі кезде мұражайлардың алдында болашақ үшін мәдени мұраны сақтау және тарихи мәнді құндылықтарды замандастар үшін көрсету, наасихаттау мәселелері тұр. Мәдени құнды көне заттарды көрсету, жалпы адамзаттық мәнін ашу арқылы мұражайға келушілердің адамгершілік, рухани өсуіне әсер ету, ағарту мақсаттарын әрбір мұражай өз саласына сай мұражайлық орта жағдайында іске асыруда.

Қазақстандағы мұражай әлемі, оның дамуы, келушілерге беретін білім, тәрбиелік, ағарту бағытындағы жұмыстары ерекше. Қазіргі кезде Қазақстан мұражайлары әлемдік мұражай тәжірибесінен өткен, жалпыға тән мұражай қызметінің негізін басшылыққа алып жұмыс жүргізуде. Дегенмен, еліміздің мұражай ісін ұйымдастыруда әлі де болса толықтырулар мен жаңа тың ойлармен көркейіп, дамытылуы қажет.

Дүние жүзінде көптеген әр түрлі мұражайлары өзінің түрлері, құрылымы және мамандандырылуы бойынша бөлінеді. Солардың ішінде кең тараған, әрі қоғам арасында үлкен танымалдыққа ие аспан астындағы мұражайлардың орнын ерекше атап өткен жөн.

Аспан астындағы мұражайлар – халықтар мен этностардың тарихи мәдени айшықтарын көрсететін, ашық аспан астында орналасқан көрме болып табылады. Бұл мұражайлар көбіне археологиялық ескерткіштер, ежелгі сәулет ғимараттарын, халықтардың этнографиялық айшықтарын көрсетеді.

Алғашқы аспан астындағы мұражайлар XIX ғ. Соңы мен XX ғ. Басында еуропада ғылыми-техникалық жетістіктердің әсерінен өндірістің қарқынды дамуына байланысты пайда бола бастады. Ең бірінші мұражайды 1891 жылы швед этнографы және зерттеушісі Артур Хазелиус ұйымдастырады. Ол жаңа үлгідегі мұражайдың қалыптасуына және адамзат өркениетінің тарихи-мәдени жандануына үлкен әсерін тигізген тұлға болды. Артур Хазелиус Дьюгарден аралында шаруалардың үйлерін және шаруашылық құрылыстарын қолөнершілердің шеберханаларын, тұрмыс заттарын ашық көрме ретінде ұйымдастырады. Бұл мұражайлар «Скансен», яғни ауылдық үлгідегі мұражайлар атауына ие болады және еуропа елдеріне тез тарады.

Сол секілді мұражайлар XX ғ. Басында, Саксонияда археологиялық зерттеулер нәтижесінде орта ғасырлық үйлердің табылуымен байланысты өз жалғасын табады, ал Данияда келесі бір ерекшеленетін мұражай «Сеусаари» мұражайы болатын. «Сеусаари» мұражайы фин халқының әдет-ғұрпын салт-дәстүрлі айшықтарын сипаттайтын этнографиялық мұражай түрінде ашылды. Сол кезеңде фин халқының территориясы Ресей мен Швеция арасында екіге бөлінген болатын. Мұражайдың негізін фин халқының этнографиясына қызыққан зерттеуші Аксель Олаи Нейкель құрады. Мұражайда фин халқының дәстүрлі қолданатын заттары және салт-дәстүрінен көрініс беретін киім мен сәулет өнерінің кейбір бөлшектері көрсетілген. Ашық аспан астындағы мұражайлар, сонымен қатар Норвегияда, кайзерлік Германияда және басқа да еуропа елдеріне тез танымал болды. (Севан, 1971, 54 б)

Ашық аспан астындағы мұражайлар Ресей территориясында XX ғ. 50 жылдарында ғана іске аса бастайды. Бұл нысан Иркутск облысындағы «Тальцы» мұражайы болатын. Сол жылдары Иркутскта алып гидроэлектростанцияларының салынуы орыс халқының мәдениетін айқындайтын сәулет өнерінің су астында қалып, көптеген мәдени ошақтардың қирауы, ескерткіштерді сақтау үшін жаңа әдістерді іздестіруді қажет етті. Мәдени мұраны сақтау үшін, ескерткіштерді өндіріс алаңынан эвакуациялап, экспонаттарды қайта қалпына келтіріп, ашық аспан астындағы мұражайды құрады. Қазіргі кезде Ресейде тарихи – мәдени үлгідегі мұражайлардың 17-ге жуық түрі бар. (Чайковский, 1991, 36 б)



Археологиялық қазба жұмыстары негізінде пайда болған ірі мұражайлардың ішінде, Ұлыбританиядағы жерасты Йорк мұражайы ерекше тамсандырады. Бұл тарихи нысан қаладағы жаңа құрылыс мекемелерін құру кезінде табылған. Мұражайға келушілер туннель ішінде кішігірім вагондарда жылжи отырып, уақыттың кері жылжу әсерінен ежелгі әлемге келгендей сезімде болады. Мұнда сол кездегі тұрғындар тіршілігін бейнелейтін манекендер құрылған және техникалық жетістіктердің көмегімен манекендерге жан бітіп, театрлық өнер үлгісінде көрініс ұйымдастырылған. Мұражайда болған адамдар шын өмірде жүргендей әсер алады. (Элфстрем, 1995, 17 б)

Қазақстанда ашық аспан астындағы мұражайлар құру перспективасы үлкен, дегенмен ашық аспан астындағы мұражайлар елімізде бірен-саран. Соның бірі Шығыс Қазақстан облысындағы Киров атындағы сәулет этнографиялық қалалық саябақ кешені. Онда қазақ халқының дәстүрлі шаруашылықпен байланысты заттары және әр түрлі халықтардың сәулет өнерінің түрлері орналасқан. Ел ордасы Астанада десанттық-шабуылдаушы әскер территориясында орналасқан әскери-техникалық мұражай бар. Бұл жерде әр жылдары шыққан 137 әскери техниканың түрі кездеседі. Оның ішінде 68 артиллериялық қондырғы, 13 авиациялық техника, 20 танкіге қарсы қолданылатын қару-жарақ және 20 әуе қауіпінен қорғаныс техникасы. 2001 жылы қазақстан ғалымдары ортағасырлық Жайық қалашығын, 2006 жылы Сарыөзен және 2008 жылы Жалпақтал қалашығын ашты. Осылайша Алтын Орданың гүлденген шағында пайда болған ортағасырлық тұрақтардың бүтіндей бір жүйесі табылды. Осыған байланысты Батыс Қазақстан облысында бұл тарихи нысаннан ашық аспан аясындағы мұражай құрудың алғышарттары жасалынып жатыр.

Елімізде археологиялық қазба жұмыстары нәтижесінде көптеген қорымдар мен ескерткіштер ашылып жатыр. Қоғам қайраткерлері мен зерттеушілер бұл мәдени мұраны ашық аспан астындағы мұражайға айналдыру мәселесін сан мәрте көтеруде және кейбір істер осы бағытта жүзеге асырылуда. Өкінішке орай, уақыт өте келе қорғандар жойылып бара жатыр. Мысалы, Боролдай әуежайының солтүстік-батыс жағында бүкіл қорымдар жиынтығынан құралған қорғандар бар. Қорым үйінділерінің астында б.з.б., 2500-2000 жыл бұрын өмір сүрген қазақтардың ата-бабалары – сақтар жерленген. Осы жерде археологтар мен архитекторлар «Сақ қорғандары» атты археологиялық саябақты ұйымдастыру жұмыстарын жүргізуде. (Байпақов, 2004, 4 б)

Қазақстандағы аспан асты мұражайларының ішіндегі Павлодар өңірінің мұражай кешеніне ерекше тоқталуға болады. Ертiс өңірі ежелден бері тарихи-мәдени құнды жәдігерлерге бай аймақ, сол себепті өлкенің тарихын көрсететін бірнеше мұражайлар кешені жұмыс істейді. Соның бірі Потанин өлкетану мұражайының жанынан ашылған ашық аспан астындағы мұражайды атауға болады. Г.Н. Потанин атындағы тарихи-өлкетану мұражайының бірінші директоры, осы мұражайдың негізін салушы Д.П. Багаев 50 жылдардың өзінде-ақ ашық аспан астында экспонаттар жинай бастайды. Ол мұражай маңына балбал тастар мен құлпытастарды орнатады. Багаев ойын жалғастырушысы, оның ізбасары, мұражайдың директоры И. Лагутин болды. Ол интерьерге ожау, зәкір мен қосалқы үй, флигель қосады. Экспозициялар жылдан жылға этнографиялық іздестірулер негізінде толықтырылып отырды. Мысалы: киіз үйдің бөлшектері: текемет, сырмақ, бесік, кебеже заттарымен толықтырылған. Сонымен қатар славян халықтарының тарихи-дәстүрлі шаруашылығын бейнелейтін ағаш қамба, оның қасында арба мен шананы және бұғау, шалғы, қолмен тоылған кәрзеңкені көруге болады.

Сол секілді Павлодарда әлемдегі теңдессіз ашық аспан астындағы мұражайлар қатарындағы «Гусиный перелет» табиғи кешені де зор маңызға ие. «Гусиный перелет» неоген кезеңінің бай жануарлар әлемінің палеонтологиялық орынының ашылуы (25-2млн. жыл), Ертiс өңіріне бұрынғы Кеңес Үкіметінің палеозоологтарын шақыруына негіз болды. Өкінішке орай, барлық табылған палеомәлімет ғалымдармен әкетілетін еді, себебі біріншіден, сол уақытта Павлодарда өлкетану мұражайы болған жоқ, екіншіден, палеонтологиялық қалдықтардың зерттеліп, сақталуын қамтамасыз ететін ғылыми мекеменің болмауы, ескерткіш кешенінің талан таражға ұшырауына себеп болды.

Қазіргі кезде қазба кешенінің әзірленуімен, ескерткіш орнында саябақ кешенін (ашық аспан астындағы мұражай) ұйымдастыру үшін белсенді жұмыстар жүргізіліп жатыр, мұнда кез келген адам ертедегі жануарлар сүйектерінің қазба жұмыстарын байқай алады, сонымен қатар ерте



кезеңдегі негізгі жануарлар түрлері жасалатын скульптуралық галерея жұмысына қатыса алады. (Мұстапаева, 2011, 24 б)

Тарихи және археологиялық ескерткіштер, әлемнің көрікті жерлері мен мемориалды нысандар әрқашан адамдар назарын өзіне аударады. Осындай ғажайыптарды өз көздерімен көру үшін олар сапарға аттанып туристер құрамын құрады.

Қазіргі кезде мұражай туристік инфрақұрылымның бөлінбес бөлшегі болып саналады. Сол себепті, шет елдерді аралаған туристердің жартысы жергілікті жердің мәдениетімен танысатыны белгілі. Ашық аспан астындағы мұражай, әсіресе, тарихи-сәулет, тарихи-тұрмыстық, тарихи-этнографиялық, сонымен бірге экомұзейлер туристерді қабылдап жатқан елдің мәдениетімен танысуға зор мүмкіндік туғызады.

Ұлыбритания, Канада және бірнеше Жерорта теңізінің елдерінде жүргізілген зерттеулер нәтижесінде, мәдени және этнографиялық туризмнің келушілері, басқа (экотуризм, спорттық, экстремалдық т.б.) туризмдерге қарағанда тұрақты екенін және жылдан жылға келушілердің артып отыратынын дәлелдеді. Сондықтан, айтылмыш тұрақтылық ашық аспан астындағы мұражайларда туризмнің перспективті дамуы үшін үкімет тарапынан ақшалай көмек түрінде қаржыланумен көрініс табады. (Мастеница, 2004, 30 б)

Елімізде аспан астындағы мұражай құруға көптеген нысандар бар. Өзіміздің Павлодар өңірінде көптеген тарихи мәдени ескерткіштер өкінішке орай, уақыт өте келе маңызын жоғалтып, жойылып бара жатыр. Бұл мұраны шет ел тәжірибесіне сүйене отырып, қазақ елінің мәдениетін айқындайтын және шет елге танытатын ашық аспан астындағы мұражайларды одан әрі дамытып, ары қарай жетілдіре түсіру қажет деп есептейміз.

Әдебиеттер:

1. Севан О.Г. Музеи под открытым небом Европы – М.: Наука, 1991 – 76 б.
2. Чайковский Е. Музеям под открытым небом – 100 лет // На пути к музею XXI века. Музеи – заповедники. (Отв. Ред. Н. Никишин, О. Севан). – М., 1991 – 34-49 бб.
3. Элфстрем Г. Музей «Старый Линчепинг». Возможности коммерческой деятельности в музеях под открытым небом// Музей под открытым небом в современных условиях. – Архангельск, 1995, - 15-20 бб.
4. Байпақов Қ. Ашық аспан астындағы мұражай – А: Аруна, 2004. – 11 б.
5. Мұстапаева Д.Ө. Қазақстандағы музей ісінің тарихы. Оқу құралы. – Түркістан: «Тұран» баспаханасы, 2011. – 200 б.
6. Мастеница Е.Н. Музей и туризм: подготовка кадров. Опыт и перспективы. СПб. Материалов Всероссийской научно-практ. Конф., 19-21 апр.2004г. – 28-38 бб.

3 БӨЛІМ

«ТАРИХИ-МӘДЕНИ МҰРАНЫ САҚТАУДАҒЫ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР МЕН ИННОВА- ЦИЯЛАР»



РАЗДЕЛ 3

«АРХЕОЛОГИЧЕСКИЕ ИССЛЕДОВАНИЯ И ИН- НОВАЦИИ В СОХРАНЕНИИ ИСТОРИКО-КУЛЬ- ТУРНОГО НАСЛЕДИЯ»

**«ИССЛЕДОВАНИЕ, СОХРАНЕНИЕ И ИЗГОТОВЛЕНИЕ
КОПИИ ХАЛАТА (ШАПАН) ИЗ РАСКОПОК МАВЗОЛЕЯ
БОЛГАН АНА ЭПОХИ УЛУСА ДЖУЧИ (УЛЫТАУ)»**

КРУПА Т.Н.

*Павлодарский педагогический университет им. А. Маргулана,
Институт археологических исследований,
Международная лаборатория консервации и реставрации культурного
